

# П И О Н Е Р



МАРТ

1948 ЖЫЛ

№ 3

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫ

РЕДАКЦИЯНЫҢ ҚАРАМАҒА



Қазақстан ЛКЖО Орталық  
Комитетінің айына бір рет  
шығатын балалар журналы

МАРТ 1948 ЖЫЛ

Шығуына 10 жыл

## Комсомол билеті туралы баллада

Қалижан БЕКХОЖИН

Күркіреген нажағайдың оғындай  
От тастады үйге түнде жау көкпен.  
Жас Марня маралдың жас лағындай  
Ыршып түсті үрейлене төсектен.

Жана қалды лаулап үйі сол оттая,  
Өрді жалын қаптаған көп жыландай.  
Үрейлі шу, шықты дауыс зар қаққан,  
Үйдің іші көз түрткісіз тұмандай.

Қашып жатыр от жау басқан сол үйдің,  
Үйдегілер өрт қылышың қуылың.  
Безген бәрі дүние түгіз, кейіннен,  
Денелерін шарпып жарып қуырып.

Кім шыдайды мына дүлей жалынға,  
Жалақтаған үйді түгел жұтам деп.  
Жалғыз ғана шықпай қалған Марня,  
Қайтып отқа жас денесі өртелмек?

Қайтып қана қалды жас қыз шығалмай,  
Қандай дүние қызықтырып арбаған?  
Сол үйде бір асыл заты шын бардай,  
Марня жүр отты серпіп лаулаған.

Айғайлады сырттан байғұс аңғары,  
Қайдасың сен, уа Марня, Марня!  
Құлап жатыр үйдің жанған алаңы,  
Өртелді де Марняның, Марня!

Не іздеді екен лапылдаған сол өрттен,  
Көрінді ме оттар әлде алтындай,  
Әлде жанған оттан күшті жүрекпен,  
Жүр ме екен ол көк жалынға шарылмай?

Оттар шарпып безектеген қойымен,  
Жалындаған ол төсегін ақтарған,  
Арасынан іздеп жоғын үреймен,  
Ыршып түсіп жалақтаған оттардан.

Күтірлейді сынған мұздай бағандар,  
Дүрілдейді жанған жалын дауылдай,  
Уа Марня, ейіп тұр ғой апан зар,  
Тез шық, жоғын қалса мейлі табылмай.

Шығар емес өртелседе сол жерде,  
Таппай сол бір сүйіктісін іздеген,  
Ол бір артық ардақтысы дүниеде,  
Дүние емес, артық және өзгелен.

Ол белгісі жалынды жас шағынның,  
Ол шындығы жүрегіннің оты бар,  
Ол куәсі отаншылдық арының —  
Көзіне ыстық — онда Ленин аты бар!

Жас өміріне туган бақыт жұлдыздай,  
Оны өзіне хасиетті көретін,  
Ол өзінің жүрегімен уыздай,  
Сүйші еді комсомолдық билетін!

Ұйықтар шақта астына сап жастықтың,  
Сол билетін жібекке орап қоятын,  
Жүрегіне көрінетін ыстық тым,  
Оны көрсе ержеткендей болатын.

Сол билетін қорғаймын деп бұл оттан  
Жау тастаған, келіп шеттен кенеттеп,  
Үрейлене жас Марня апаттан,  
Оны іздеп жүр түтіндеген төсектен.

Көйлегін де тесіп кеткен ұшқындар,  
Жалын шарпып өткен нәзік денесін,  
Комсомолдық жүрегінде күші бар,  
Өрт қамаудан кетірген жоқ ол өсіп.

Ирелеңдеп айдаһардай көк ала,  
Қызға төнген от жалындар жан-жақтай,  
Шыр айналып жанған үйді жүр ана,  
Марнядан ашы айғаймен зар қаққан.

Жарып өтті лапылдаған оттарды,  
Әлде тартқан анасының зарыма,  
Үетей серпіп қызыл көзді шоктарды,  
Қарғып түсті терезеден Марня.

Жұлдыздай бір қыз жанары жарқ өткен,  
Шыққан лебі жүрегіннің жалындай,  
Шықты өрттен комсомолдық билетпен,  
Сақтап қалды оттан саби арындай.

Қушағында анасының күлімдеп,  
Сүйлі тағы сақтап қалған билетін,  
Қыз жүрегі қатты соқты лүпілдеп,  
Еырын айтты анасына сенетін:

«Өрт жіберген дұспанына елімнің —  
Қарсы шығам отты жүрек кетімен,  
Мен ақтаймын ұлы даңқың — Лениннің —  
Комсомолаға хұрметпенен берілген!»



## Қазақстан комсомолы өзінің IV-съезі қарсаңында



Жас достар, жақын арада республикамыздың астанасы Алматы қаласына Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі бақытты совет жастарының өкілдері келеді. Қарағандының шахтері, Әмбаның мұнайшысы, Лениногорскі мен Теміртаудың метал қорытушылары, колхоз даласында жайқалтып егін өсірген, мал баққан еңбек ерлері, студенттер мен оқушылар, комсомол және пионер қызметкерлері, жас мұғалімдер мен оқымыстылар келеді. Олар Қазақстан Лениншіл Коммунист Жастар Одағы IV — съезіне делегат болып келмек.

Республика комсомолының шақырымғалы отырған кезекті съезі — Қазақстан жастарының өміріндегі ең елеулі оқыйғаның бірі. Қазақстан комсомолының үшінші съезінен бері 7 жылдан астам уақыт өтті. Бұл мерзімнің ішінде сүйікті Отанымызға, большевиктер партиясына, көсеміміз Сталинге шын берілген жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу ісінде, партия ұйымдарының басшылығымен Қазақстан комсомолы бірсыпыра жұмыстар істеді.

Соңғы жеті жылды негізгі екі кезеңге бөлуге болады: бірінші, совет халқының неміс-фашист басқыншыларына қарсы жүргізген Ұлы Отан соғысы жылдары, екінші соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру және дамытудың бесжылдық жоспары үшін күрес жылдары.

Сұрапыл соғыстың қаһарлы жылдарында жастар ел аузында аңыз болып қаларлық істер істеді. Қазақстан комсомолының 350 мың мүшесі неміс-фашист басқыншыларынан Отанды қорғап қалуға аттанды. Олардың көпшілігі Совет Одағының орден, медальдарымен наградталды, Қазақстан комсомолының тәрбиесінде болған 94 кісі Совет Одағының Батыры деген

атақ алды. Олардың ішінде Советтер Одағы Батыры атағын екі рет алған Т. Бегелдинов, С. Луганский, Л. Беда, И. Павлов, П. Шурухин; шығыс халықтары әйелдерінен шыққан Совет Одағының тұңғыш батырлары, қазақ халқының мақтанышы Маншук Мамедова, Әлия Молдағұлова бар.

Соғыс жылдарында еңбек майданында да жастар тамаша табыстарға жетті. Колхоз даласында, фабрика, заводта жас өспірімдер мен қыздар майданға аттанған әке мен ағаларының орнын жоқтатқан жоқ. Олар оқуды уақытша тоқтатып, сауық-сайранға бөлінетін уақытты тежеп майданды азық-түлік, қару-жарақпен қамтамасыз ету ісіне жұмылды. Олардың ұраны «барлығы майдан үшін, барлығы жеңіс үшін!» болды.

Жұмыстан бос уақытын қала мен селолары комсомолертер мен жастар соғыс өнерін үйренуге жұмсады. Соғыс жылдарында республикамыздың ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп орындарында жұмыс істей жүріп соғыс өнерін үйреніп, бір әскери мамандық алған комсомол мүшелерінің саны 150 мыңға жетті.

Саратов облысының патриот колхозшысы Ферапонт Головатыйдің бастауы қолдап, барлық совет халқының қатысуымен Совет Армиясына қару-жарақ қорына қаржы жыйналғандығы естеріңізде болар, балалар. Бұл сыяқты патриоттық қозғалысқа Қазақстан комсомолы да үн қосқан болатын. Республика жастары 36 миллион сом ақша жыйнап жеңімпаз Қызыл Армияға ондаған танк, самолет, сүңгуір қайық сатып алып берді.

Отан соғысы жылдарында жастарды коммунистік рухта тәрбиелеу ісіндегі Отан алдындағы еңбегі үшін Бүкілодақтық Лениншіл Коммунист Жастар Одағы Ленин орденін награда алды. Бұл сыяқты үлкен сыйлықта Қазақстан комсомолының да үлесі бар.



Теміртаудағы казак металлургия заводының атақты құрып құюшы комсомол мүшелері (солдан оңға қарай): Алтынбек ДӘРІБАЕВ, және Орынбек ТӨЛЕНОВ жолдастар.

**О**тан соғысы майдандарында неміс-фашист басқыншылары бас қотерместей болып талқандалды. Совет халқы бүкіл адам баласының бостандығы мен адамгершілік правосын неміс фашистерінің ылас аяғына салып тастауынан қорғап қалды. Совет халқы соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру және дамытудың сталиндік жаңа бесжылдық жоспарын орындауға жірісті.

Республикамыздың қаласы мен даласы жаңа бесжылдықтың құрылыс жұмыстарымен көріктелді. Өскемен қаласының түбінен Ертіс өзенінің бойынан үлкен Алтайдың өнеркәсіп орындарын электр күшімен қамтамасыз ететін күшті электр станциясы салынып жатыр, шөлейт даланың мыңдаған гектар жерін суландырып Сыр бойын бітік егіс даласына айналдыратын Сырдария плотинасы салынып жатыр, Түрксиб темір жолын ағашты аудандармен байланыстыратын Семей-Малина көлі темір жолы мен орталық Қазақстанды Орта Азиямен ұштастыратын Мойынты-Шу темір жолы салына бастады; бұлардан басқа ондаған завод мектеп, театр кинотеатр үйлері мен жұмысшы, ғалым, қызметкерлер тұратын үйлер салынып жа-

тыр. Комсомолдар мен жастар осы құрылыстардың барлығында да еңбектегі ерліктің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Республика комсомол ұйымдарының алдындағы ең жауапты міндет — жастарды бесжылдық жоспарды төрт жылда орындауға жұмылдыру. Әрбір завод, фабрика, колхоз, совхоз, МТС қаржыны үнемдеу, жұмыс сапасын арттыру, мемлекеттік жоспарды уақытында орындау да социалистік жарықта айтарлықтай табысқа жетуі үшін күресу — республикамыздың әрбір жас азаматының ең басты борышы болып отыр.

Республикамызда бесжылдық жоспарын қазіргі оңінде артығымен орындаған 400ге жуық, төрт жылдық жоспарын орындаған 3000нан астам, үш жылдық жоспарын орындаған 9000нан астам жас жұмысшылар бар.

Олардың ішінде: Павел Воротынцев, Забирова, Усманова З., Бапсов Ж., Рабжебаев А., Байжанов, Насыров Ж. жолдастар ерекше көзге түседі.

Қазақстан комсомолы салынып жатқан Ертіс су электр станциясын комсомол құрылысы деп жариялады. Семей-Малина көлі және Мойынты-Шу темір жолы құрылысында өткен жазда он мыңнан астам жастар асқан жігермен еңбек етті.



Колхоз бен совхоз жастары БК(б)П Орталық Комитетінің ауыл шаруашылығын өркендету шаралары жөніндегі февраль пленумының қаулысын орындау да, өткен жылы бітік егін өсіру, мемлекетіміздің азық-түлік қорын молайтуда тамаша табыстарға ие болды. 1947 жылғы республикамыз мемлекетке астық тапсыру жоспарын артығымен орындады.

Өткен жылы егіннен мол өнім алған жастар звеносының саны көбейді. Бұл звенолардың көптеген мүшесі Совет Одағының орден және медальдарымен наградталды.

Комсомол ұйымдары жастардың саяси санасын арттыру, жалпы білімін көтеру, техниканы меңгеруіне үнемі қамқорлық жасап отырады. Студенттер мен мектеп оқушыларының, сол сыяқты еңбек резервтерін дайындайтын мектептердегі оқушылары арасындағы саяси тәрбие жұмысын жақсартуға, олардың білімді маман болып шығуына көмектеседі.

Комсомол ұйымдары жас пионерлерді тәрбиелеуге басшылық етеді. Республикамыздың пионер ұйымдары жұмысын басқарып жүрген вожатыйлардың барлығы да комсомол мүшелері, олардың жұмысын күнбе-күн қадағалап отыру, көмек көрсету басшы комсомол орындары арқылы жүргізіледі. Мемлекетіміз балаларға арнап пионерлер үйіп, балалардың техникалық станцияларын, спорт алаңдарын жасап берді. Жазғы демалыстарында мыңдаған пионерлер лагерьде тынығады, жаратылыс зерттеу сәруешдеріне шығады.

Жас пионерлерге арналған большевиктер партиясының, совет үкметінің, сүйікті бәсәміміз — Сталиннің бұл қамқорлықтарын іске асырушы да жергілікті комсомол ұйымдары.

Қазақстан комсомолы өзінің IV—съезіне республиканың 270 мың алдыңғы қатарлы жастарын өз қатарына топтастырған, социализм ісі үшін күресте шыныққан Бүкілодақтық Лениндік Коммунист. Жастар Одағының айбынды отряды болып келді.

Республиканың комсомолдері мен жастары КЛКЖО IV—съезін еңбекте, оқуда зор табыстармен қарсы алғалы отыр. Қарағандының «Кировуголь» тресінің жас шахтерлері мен Талдықорған облысы Киров ауданындағы «Еңбекші қазақ» колхозының жас колхозшыларының съезд алдындағы социалистік жарыс ұйымдастыруға шақырып жазған хаттарын қолдан, республиканың еңбек майданындағы барлық жастары стахановтық вахтаға тұрды. Мыңдаған жас жұмысшы мен жас колхозшы бесжылдықты—төрт жылда орындауға міндеттемелер алды.

Съезде Қазақстан КЛКЖО Орталық Комитетінің соңғы жеті жыл ішіндегі істелген жұмыстары жөнінде есепті баяндамасы тыңдалады. КЛКЖО Орталық Комитетінің жаңа составы сайланады. Съезд республика комсомолының алдында тұрған міндеттерді белгілеп, ол міндеттерді орындаудың нақтылы шараларын белгілейді.

Қазақстан комсомолының большевиктер партиясы басшылығымен жастарды социалистік еңбекте тәрбиелеуде табыстан-табысқа жетуіне тілектеспіз.

Съезд делегаттарына пионерлік сәлем!



## Лениннің жастарға өсиеті

Ленин — Сталин комсомолы туралы әңгіме

1920 жылғы октябрь айында комсомолдың Бүкілресейлік III-съезі болып өтті. Съезде Владимир Ильич Ленин сөз сөйледі. Ол өзінің сөзінде жастар Одақтарының міндеттеріне тоқтады.

Сонда комсомолдың алдына Владимир Ильич қандай басты міндеттер қойған еді?

Ленин қысқаша: «міндет — үйренуде-оқуда,» — деді.

Съездің делегаттары үшін бұл күтпеген жаңалық болып көрінді. Олардың дені тура майданнан келген еді. Азамат соғысы майдандарында ұрыстар тоқтамаған кез болатын. Қызыл Армия ақ поляктар мен врангельшылдарға қарсы соғысып жатқан, аштық пен бүліншілік елді есенгіретуде еді. Бүкіл халықтың есіл-дерті жауды тезірек құртуда болатын, сол себепті кейбір делегаттар «қазір жұрт оқып-үйренетін кез бе?» — деп ойлап қала жаздады.

Бірақ Ленин асқан кемеңгерлікпен болашаққа көз жіберді. Ол, Совет елі денесіне азамат соғысынан түскен жарақатты жазып, жаңа социалистік қоғам құра бастайтындығын анық айқын топшылады. «Ескінің күл-талқаны шығарылды, деді Ленин, — оны солай қылу керек еді... Жер аршылды, енді коммунистік жас буын сол даяр жерге коммунистік қоғам орнатуы керек. Мұндай алып міндетті жүзеге асыру үшін ең алдымен білім керек. Білімсіз жұпаны үйді де қалап тұрғызуға болмайды!».

Съездің делегаттары Владимир Ильичтің данышпандық сөзін зор ықылас аударып, ұйып тыңдады. Көсем сөзі олардың көз алдына жас республикамыздың ертеңгі таңдағы салтанатты тұлғасын елестетті. Еліміз социалистік құрылыс жолында: ең далаларда алып заводтар орнап, айдын шалқар өзендерде су электр станциялары салынған, қалалар мен ауылдар электр жарығына бөленген; асфальттанған күре жолдарда автомобильдер зымырап барады, тың жердің қыртысын қопарып жүрген жүз мыңдаған тракторлар; сәулетті мектептерде, аялдарда, бақшаларда асыр салған балалардың қуанышты шат-шадыман дауысы естіледі. Міне, оларға тұған елдің ертеңгі бейнесі осындай боп көрінеді.

Мәңгі ұмытылмайтын сол күні Лениннің әуезін тыңдаған әрбір жас мынаны ойлаған болар: «Жолына өмі-

рімді сарп ете күрескен ұлы іске тақап қалған екенмін; жауды жеңетін күн де жақын екен, сонан кейін Отаным маған: енді мылтығыңды былай қоя тұр, қолыңа еңбек қаруы — циркулді, микроскопті, қайланы ал, дер. Бірақ, еңбек қаруы да білімді қолда болуы тиіс, сондықтан оқуға міндеттімін»...

Владимир Ильич қалай оқу керек екендігін де айтты. Білімді өмірден бөліп алуға болмайды. Большевикше оқу-ғылымның әрбір сөзін жаңа өмір, коммунистік қоғам құру жолындағы күреспен байланыстыра білу керек деген сөз. Сен күн сайын қайда жүрсең де білімінді, өнерінді пайдалы қоғам жұмысына жұмсауға ұмтылып бақ. Сенің білімің қандай ұсақ жұмысқа жұмсалса да, ол халық бақыты үшін, Отанымыздың күш-қуатының арта беруі үшін күреске бір түйір үлес қосса, болғаны.

Ленин жас буындарға уағыздаған коммунизмді үйрену деп міне соны айтамыз.

«Жұмысшы және шаруамен бірігіп істеген еңбекте ғана нағыз коммунист болып шығуға болады» деп үйреткен Владимир Ильич. Сондықтан да ол жастардың жас кезінен саналы және тәртіпті еңбекке баулынуы хажет деп санаған. Ал, комсомолецтер ұйымшылдықтың, тәртіптіліктің үлгісін көрсетулері керек. Қандай істе болса да олар көпке жетекші болып іскерліктерін, жаңа бастамаларын жарыққа шығарып отырулары тиіс.

Әрбір комсомолецтің жүрегінде Лениннің мына данышпандық сөздері сақтаулы:

«Адам баласы қорытқан байлықтың бәрін біліп, зейінді молайтсаң, тек сонда ғана коммунист болып шығуға болады».

Ленин комсомолдың III-съезінде сөйлеген сөзінде совет жас буындарының көп жылдары бойы алдарында тұрған міндеттерін белгілеп берді. Лениннің жастарға айтқан өсиеті әлі де айбынды үндеу сыяқты, оларды қажымай-талмай оқуға, ғылым негіздерін меңгеруге, социалистік Отанымыздың атак-даңқын арттыра беру үшін жемісті еңбек етуге жігерлендіруде. Комсомол большевиктік партияның, оның ұлы көсемі Сталин жолдастың басшылығымен совет жастарын Ленин нұсқаған тура даңғыл жолмен күн сәулелі болашаққа — коммунизмге бастап келеді.



# Горький және балалар

(Туғанына 80 жыл)

Социалистік жаңа дүниенің кемеңгер жаршысы, көркем сөздің асқан шебері, Ленин мен Сталиннің досы, коммунизм үшін қажымас күресші Алексей Максимович Горький үлкендермен қатар балалардың да сүйікті жазушысы еді.

Өзінің Советтік Отанын, туған халқын қалтқысыз сүйіп, оның құлпырып көркейе беруі жолында арымай-талмай қызмет еткен ұлы патриот елінің келешегін ойлағанда, сол болашақтың тірегі балаларды ойламай, оларға арнап кітап жазбай, оларды тәрбиелеу мәселесіне көңіл бөлмей тұра алмайтын еді. Оның көздейтіні балаларды жасынан отаншылдық рухта өсіру болатын.

«Апаңыз—біздің қуатты социалистік Отанымызды сүйіңдер» дейтін ол жас жеткіншектерге айтқан ақшылда.


Ол балалардың нағыз қамқоршысы болды. Қаршадайынан кем-тарлық көріп, жоқшылықта, ауыр азап шектіп өскен ол бүгінгі балалардың өмірі, тағдыры, бақыты дегенді екі елі естен шығармайтын.

Алексей Максимович Горький өзі балаларға арнап шығарма жазумен бірге, жаңа заманның жас буындарын жаңаша тәрбиелеуге көмектесетін әдебиет—балаларға лайықты үлкен әдебиет жасау мәселесін қолға алған адам. Ол мұны күн тәртібінен түсірмей, соны бірнеше мақалаларында атап айтады.

«Біз балаларымызды жеті-сегіз жасқа келісемен оқуға үйретеміз, бірақ оқыттын түт жоқ. Жыл сайын жүз мыңдаран оқушы пайда болады, бірақ солар оқырлықтай кітап жоқ» деп жазды ол «Балаларға әдебиет керек» деген мақаласында.

Ол мектеп оқушылары ғана емес, тіпті мектеп жасына шейінгі жеткіншектерді де тәрбиелеуге көңіл бөліп, оларға қандай кітап керектігін атап көрсетеді. «Мектеп жасына шейінгі балаларға ойын, санақ тақырыбына жазылған, көркемдік, шеберлігі жағынан ауызға ілінген өлеңдер керек. Осы күнгі балалар кітабының шеберлерінің өлеңдерімен қатар, ең жақсы деген фольклордан құралған бірнеше жыйнақ болуы тиіс».

«Тақырыптар туралы» деген мақаласында ол елімізде балаларға тәрбие берудің мән-маңызына тоқталады. «Балалар кітабының тақырыптары туралы



А. М. Горький балалар арасында.

мәселе, әріпте, балаларды әлеуметтік жолмен тәрбиелеу туралы мәселе болып табылады.

Біздің елде балаларды тәрбиелеу деген сөз балаларды революцияшылдандыру, яғни баланың ойын әке-бабасының өткен замандарда ұйлаған ойынан босату, оның адастыруынан босату деген мағнаны береді».

Горькийдің оқушы, пионерлерге хат жазып, олардың арасында болып, тығыз байланыс жасап тұрғаны мәлім.

1935 жылы декабрь айында ол Заполярьенің Игарка деген қаласының пионерлерінен хат алады. Балалар бұл хатта өздерінің қалай тұратындарын, қалай оқып жүргендерін, нені арман ететіндіктерін айтады. Игарка оқушылары мен пионерлерінің тұрмысынан кітап жазғылары келетіндіктерін білдіре келіп, олар бұл кітапты қалай етіп жазу жөнінде Алексей Максимовичтен ақыл сұрайды.

Максим Горький олардың бұл хатын аяқсыз қалдырмай жауап қайырады.

«Болашақ докторлар, инженерлер, танкистер, ақындар, ұшқыштар, педагогтер, артистер, изобретательдер, геологтер, сіздерге шын жүректен шыққан сәлемімді жолдаймын», — деп бастайды ол Игарка оқушыларына жазған хатын.

Ол бұлардың болашағы жарқын, алдында нелер ұлы мақсат тұрғанын айта келіп, біздің Отанымыздың тамаша екенін, мұндай елде өмір сүру бақыт екенін аңғартады. «..Социалистік Совет Одағында тамаша нәрсе көп, соның бәрі үнемі есуде. Осының бәрі сіздердің шаруашылығыңыз». — дейді ол.

Осы шаруашылықты шебер меңгеру, оған сайын өркендету, ұлғайта беру үшін адал ниетпен, қажырлы қайрат жұмсап көп оқу керек. Оқып, білім алуға құмартуды бойға тән хаспет ете білу керек. Оның балаларға берер кеңесі осындай болып келеді.

«Кітапты сүйіндер! Ол Сіздердің өмірлеріңізді жеңілейтеді, ол сіздерге адам және өздерінді өздерін қадірлеуді үйретеді, ол ақыл-ой, жүрегіңізді дүниеге, адамға махаббат сезімімен жігерлендіреді».

«Білімнен құдіретті күш жоқ: біліммен қаруланған адам жеңілмейді».

Оның жас жеткіншектерге «оқы, оқы» дегенде алдын болжата айтар ақылы осындай.

Горькийдің Иркутскідегі пионер базасымен (ол кезде бір мектептің біріккен пионер отрядтарын база дейтін) үздіксіз байланыс жасап тұрғаны туралы талай материал бар.

Балалар жазғы демалыс кезінде көрген-білгендері, алған әсері жайлы кітапша жазып, Москваға жібереді. Бір күні оларға Горькийден хат келеді. «Балалар, бұл өте қызық кітап екен!» — деп жазыпты онда ұлы жазушы. Кітапшаның бірсыпыра кемшіліктеріне тоқтап, оны түзету жолдарын көрсетіпті, болашақта не істеу, қайтып адам болу туралы ақыл айтыпты.

Иркутскінің онбес пионері Кавказға саяхатқа шығып, жолда Москваға сора жетпек болады. Олар осында Горькиймен жүзбе-жүз көріседі. Ол жас достарын үйіне қонаққа шақырады.

Тағам үстінде ол балаларға әр түрлі әңгіме айта отырып, өзінің балалық шағын еске түсіреді.

Бір күні ол қасындағы жолдастарымен бірге ойчан жүріп көшеде ілулі тұрған фонарьға тас жаудырады. Соны өздерінше қызық көреді. Бірақ, бұл «ойын» ұзаққа созылмайды. Алеша Пешковты және оның жолдасын фонарьшы ұстап алады. Бірақ ақырын-жекірмейді, ұрып-соқпайды. Балалар бұған қайран қалады. Фонарьшы бұл екеуіне шынының неден, қалай жасалатынын айтып береді. Ол фонарь адам тынысының жемісі екенін айтады. «Содан былай қарай мен фонарьға тас лақтырудан тыйымдым» деп аяқтайды Горький әңгімесін.

Ол ерінбей-жалықпай, балалармен күнұзақ сөйлесіп, оларға білімнің, оқудың пайдасын айтады. Қарттардың әңгімесін тыңдай жүріп, естіп-білгендерінді жаза жүріңдер дейді ол.

Горькийдің балаларға деген қамқорлығы сонша,

бұлар вокзалда тұрған кезде үлкен бір сандық тиегені жүк машина жетіп келеді. Бұл сандықты жіберген Горький екен.

Сандықты Иркутскіге келгеннен кейін ашып қарағанда, ішінен көп қағаз, бояу, кітап шығады, ол тұрсын балшықтан сурет соғуды жақсы көретін бір кішкене қызға арнап ақ балшық салыпты.

Алексей Максимович осы пионер ұйымымен өмірінің ақтық минутына шейін байланыс жасап келген.

Онымен хат жазысып, немесе кездесіп, ақыл алып жүрген пионерлер бұл күнде ер жетіп, еліміздің атақты адамдарына айналды.

1928 жылы Горький Харьков қаласына келгенде оны вокзалда қарсы алған қала пионерлерінің атынан Толя деген бала құттықтап сөз сөйлейді.

Бұл бала Горькиймен ылғый бірге болады, ол Харьковта болған күндердің бәрінде де кішкене Толяны қасынан қалдырмайды. Горький одан:

— Сен өскенде кім болғың келеді? — деп сұрағанда, ол:

— Ұшқыш болсам деп едім, — деп жауап қайырады.

— Оның дұрыс екен. Көздеген мақсатыңа жету үшін ыждаһатты бол, жақсы оқы! — деп кеңес береді данышпан жазушы оған.

Толя Горькийге өте жақсы оқыймын, алған беттен қайтпас қажырлы, ержүрек болып өсемін деп уәде етеді.

Анатолій Нефедов ер жетіп, ұшқыш болады. Оның ұраны Изергиль кемпірдің «...Адам ерлікті жақсы көрсе, ол оны әрқалпан жасай алады, қайда болса да таба алады. Өмірде.. ерлікке әр қашанда орын бар». — деген тамаша сөздері болады.


1941 жылы жас истребитель-ұшқыш Отан қорғауға аттанады. Ол соғыста Горький айтқан өсиетті бұлжытпай орындайды. Совет Одағының Батыры атағын алады. Міне, Горькийдің мыңдаған жас достарының бірі осындай дәрежеге ие болады.

Совет балаларының әрі жазушы атасы, әрі қамқор досы Максим Горькийдің еліміздегі жас жеткіншектерді патриотизм рухында тәрбиелеу, оларды ертеңгі күні коммунизмнің саналы құрылысшылары етіп шығару жөнінде сіңірген еңбегі ерекше. Оның Отан мүддесіне қызмет еткен жарқын өмірі ұлкендермен қатар балаларға да өнеге.

С. СЕИТОВ.







С. БАКБЕРГЕНОВ

П О В Е С Т Ъ \*

Суреттерін жасаған Н. ЛЕБЕДЕВ

1.

... Қазармаға жақындай бергенде, Талғат Сергейдің бетіне көзінің астымен бір қарап қойды. Бірақ, ол оның жүзінен пәлендей өзгеріс таба алмады. Оның көкшіл көзіндегі көмескі тұнжырау қалың ойдың яки шаршағандықтың белгісі екенін айыру қиын еді.

Нақ осы кездегі Талғаттың өз ойы быт-шыт. Ол не ойларын да біле алмады. Қасындағы екі жолдасының, әресе, Сергейдің не ойлағанын білуге тырысқан Талғат одан ешнәрсе сезе алмады. Сергейдің жүрісі қандай сабырлы болса, оның бет әлпеті құбылыссыз, сондай бейбіт еді.

Талғат қазармаға келген соң да, басқа жолдастарының бетіне қарап көрді. Көңілде болмаса, күндегіден өзгеше көрнеу тұрған көрініс те, өзгерісте жоқ. Ол түйілген қабак астындағы ашу мен ызаның, кек пен жалынның ұшқынын еркін аңғара алмады. Кешегі бір көңілді серуеннің енді үзіліп, басқаша, қаһарлы түрде енгеніне бірден сене қою да қиын еді.

... Жайық жағасындағы ұшқыштар мектебіндегі курсанттар өмірі бұрынғыша өте берді. Соғыс басталғаны күнделікті сабақтың қиындап, әрі тез, әрі қатаң өтуінен сезіледі.

Өзінің жанындай жақсы көретін досы Сергеймен сөйлесіп отырып, Талғат сырын айтты:

— Менің сабақты қандай оқытыным өзіңе аян. Барлық ықылас, ынтамды салғандағы арманым, есіл-дертім жауынгер самолеттің кабиніне отырып көкке, биікке көтерілу еді. Бала шақтан арманым да осы болатын. Осы арман менің рахатым мен қуанышым сыяқты елестеуші еді. Сол арманды сағатқа жетіп қалған сыяқтымын. Жоқ, әлі жеткен жоқпын, еркін жеткен жоқпын. Соғыс басталып кетті. Маған ертең майданға жүр десе, самолет берер ме екен, Сергей?

— Самолет саған берілмесе, енді кімге берілмек? — деген досының сөзі оның көңілін бір сәтке жайландырып, бірақ бұрынғыдай емес, ойлана беретін болды. Ол мұнша неге толғанады, себеп не, соғыстың басталуы ма, әлде басқа бір күңгірт себеп бар ма? — оны өзі де білмейді.

Ол жатуға берілген командадан кейін көзін жұмып, ойға кетті. Оның 19 жылдық кішкене өміріндегі өткен күндеріне үңіле қарап, артында, сағымдай бұлдырап қалған балалық шағына көз жібергені осы болар. Бұдан бұрын ол артына қарап көрді ме екен? Жоқ. Ол алға, тек алға қарап, жастықтың қанатты қыялы алып қашқан арманға қолын созып ұмтылды, тек болашағын ойлады.

— Ең жақсы ой түнде келеді, деуші еді тәтем, келдің бе? Ал...

Ол өскен жерін, бала кезіндегі достарын, көргені мен білгенін есіне түсірді. Бірақ, балдырғандай балалық шақпен қалай қоштасып, «жалғызым» деп әлпештеген ата-ананың қолтығынан қалай шығып кеткенін көз алдына жарқын елестете алмады...

Талғат кішкене сұмкасын қолтықтап мектептен қайтқанда, Тянь-Шань тауының қарлы шыңдарына көз алмастан ұзақ қарайтын. Ол неге қарай бергісі келетінін өзі де білмейтін. Оның көзін еріксіз өзіне қарататын ондағы бір өзгеше күш емес, таудың сулу келбеті еді. Адам жас шағында әр нәрсеге әуес, көп нәрсеге бой ұрғыш, қыялы алып қашпа келеді ғой. Оның таза қанды жас жүрегі тайдай тулап, сол шыңның биігіне қарай еріксіз алып қашатын еді. Шілденің мый қайнатар тамызында тау басындағы қарды көріп ол таң қалатын.

Ақша қар үстіне шығып алып, сырғанақ теуіп ойнаса, әбден шаршағанша жүгірсе немесе қардан «аққала», «аяз ата» жасап, қол соғып күлсем, — деген ойлар оны сол таудың буырыл басына қарата беретін.

— Қалқам, неге кешіктін? — деп монтыған бетінен сүйіп-сүйіп алған ананың жылы сөзі жүйесін босатып, барлық ойы бытырап, үстелге жайғасып отыра кетер еді. Ананың әлді, атаның құшағы шаршағанын есінен шығарып, екінші бір ойлар салатын. Басына балалықтың тәтті бір қыялы келіп, бөлек-бөлек тақтайларды алып, Жақыпбектің ақ кездігімен жона бастайтын.

Оның тақтайларды жонып, құрастырып, бірнеше күндей әбігер болғаны есіне түспей қойсын ба? Сондағы өзінің бақытты бір кешін көз алдына алып келді.

Өзінің кластас балалары ол самолеттің моделін жасап әкелген күні жан-жағынан қоршап алып, оның өнеріне қызыға қараған болатын. Сурет сабағынан беретін мұғалім оның «самолетін» олай-бұлай аударып қарап:

— Кім жасады мұны, өзің бе, Талғат? — дегенде, «өзім» — деп жауап берген болатын. Өйткені, ол әкесінің ақ кездігін тасқа жанып, тақтайларды тілгілеп шығарған еңбегіне масаттанған еді. Ол «өзім» — деген сөзді өмірде тұңғыш рет сол күні айтқан болатын.

Кластағылар оған таңдана қарап, шеберлігіне сүйсінген. Мұғалім оны арқасынан қаққан. Ол, бұған масаттанып, кешке үйіне келісімен «самолеттің» басқа түрін жасауға кірісті.

— Балам-ау, кешегі жасағаның жетпей ме, қайтеcін тақтайларды бұлдіре беріп, тамағыңды іш келдағы! — деген ана сөзі оның ойын бөлді.

— Кеше самолеттің моделін жасағам. Бүгін мұғалім ұшатын самолет жасауды үйретті. Мен соны жасаймын.

\* Қысқартылған түрі.

Қадығы самолет жасаймын, — деп жас бала құлағына түскен сонда.

Жақыпбек көзінің ағы мен қарасындай жалғыз ұлының маңдайынан шертіп, бетін қайтарған кісі емес.

— Дұрыс, балам, талабыңа жет. Бізді де мінгізіп, Мәскеуге апар, — деп бұл жолы да баласының сөзін мақұлдады. Ана, баласының өсіп қалғанына қарамай, оны сәби күнгісіндей мейірлене сүйді.

Ертеңіне ол көшеге олжалы болып шықты. Қолында 200 метрге ұшатын моделі бар. Мектеп оқушылары оның соңына еріп көп тамашалады. Алатаудан аса соққан самал желдің ығымен ұшырған «самолеттің» үстінде Талғат өзі шын жүргендей мээ болды. Оның көтеріңкі көңіліне басқа балалар модельдің емес, оның өзінің ұшқанына тамашалап жүргендей еді. Мектептің 3-класында оқыттың 11 жасар пионердің өнеріне көшеде өтіп жатқандар да бір қарап қойды.

Ленин көшесінде ойнап жүрген балалар алаңға жыйналған халық пен желбіреген қызыл туды көріп, алаңға қарай тұра жүгірісті. Сталиннің үлкен портреті қасында сөйлеп тұрған кісінің сөзіне құлақ асқан көптің арасымен ақырын басып, трибун түбіне барған Талғат «ұшқыштар» деген сөзді естіп, ә дегенде ешнәрсеге түсіне алмай, көптің аузына қараумен болды.

— Солтүстік мұз теңізінің дүлей табиғатының тұтқынында қалған челоскиншілерді құтқарды олар, — деген сөз Талғатқа айрықша жылы естілді.

— Кім құтқарыпты, кімдер екен сабаздар?..

— Ұшқыштар, ұшқыштар дейді.

— Громов, Молоков.. Барлығына Совет Одағының Батыры деген атақ берілгені, — дейді. Дұрыс болған! Өздері де ер екен сұңқарлар!

— Шын батырлар екен!

«Осыдан бастап еді-ау менің самолет туралы неше қыйлы ойға кетіп, Алатаудың басына, ең болмаса Алатаудың басына бір ұшып шығар ма едім? деп арман ете бастағаным», — деп Талғат өмірінің бұл кезеңін есіне айқын түсірді.

Я, совет ұшқыштарының адам өмірін ең хатерлі хауіптен сақтап қалатынын ол айқын сезбесе де, анау тұрған Алатаудың ақ ыйығы — қыран бүркіттей биікке самғап, қарлы шыңның басына ұшып шыққысы келетін.

Ол осыдан бастап самолет жайлы тәтті қиялдарға шомып, жатса да, тұрса да сол туралы толғанушы еді.



Түнгі ұйқыда жатып, самолетке отырып көкке көтерілетін, қалықтап ұшып, бұлтқа еніп қызыққа бататын.

«Сол түстер үлкен арманның бастамасы еді-ау шіркім! — деп ойлады Талғат ішінен, сол жағынан оң жақ қырына аунап түсіп. — Міне, Саратовтағы Ұшқыштар мектебінен мұнда келгелі де біраз уақыт болды. Заманымыздың даңқты сұңқары Чкаловша ұшып, самолетті Чкаловша менгерсем, деген арманмен келіп едім мұнда. Барлық ынта-жігерімді салып ұмтылған нысанам да осы. Қазір совет самолетінің ең бір жақсысы «ИЛ-2» самолетін менгеруді үйреніп жүрмін. Күні бүгінге дейін осы мектеп болашағыма кең жол ашатындай көрінуші еді. Үлкен арманым жеткізетін асу осы емес пе еді? Міне, соғыс басталып кетті. Ендігі жағдай не болмақ? Ертең жауға аттан десе, Отан әмірін орындауға шамам келе ме, жоқ па?».

Бағана жатуға берілген командадан кейін Талғаттың басынан айналып шықпай қойған шытырман ойлар осы болатын. Ол әбден шаршағанда барып, таң алдында қатты ұйықтап кетті.

Ол ой соңынан қыйлы-қыйлы түстер көрді. Ол «ИЛ-2» самолетіне мініп, майданға аттанған екен. Жау төбесіне алғашқы тастаған бомбасының жарылған дауысынан Талғат селк етіп оянып кеткенде, терезеден сәуле шашып тұрған күнді көрді. Ол шапшаң киініп аэродромға қарай беттеді. Жол-жөнекей түндегі ойларының түйінін іздеді.

— Самолетке! — деген команда берілді.

Мотордың даусынан аэродром шуга толды. Команда бойынша самолеттің кабинасына отырған жас ұшқыштар біртіндеп аспанға көтеріліп жатты. Алғашқы самолет тобында «ИЛ-2» мен Талғат та көтерілді. Бұрын ұшып жүргенде ешқашан назары түспеген Жайыққа Талғат сұқтана қарады. Жайықтың шығыс жағындағы Орынбор даласы оның көзіне оттай ыстық көрінді.

## II.

Ол пилотаждық өнер көрсетуге тапсырма алып, «ИЛ-2» самолетінің кабинасында отырғанда, сол күнді өз өміріндегі ең бір ерекше бақытты күн деп қойып дәптеріне жазып та қойды. Ол неше түрлі фигуралар жасады. Биікке, алысқа ұзап ұшты. Күтпеген жерден күн райы бұзылып, аспан әлемін қара бұлт басты, нажағай жарқылдап лезде нәсер төгіп-төгіп жіберді. Түнерген түнектің қойнында қалған жас пилотқа жаны ашыған достары абыржи бастады. Жас ұшқыш адасып, аэродромды таба алмай қалуы мүмкін еді.

— Маған рұхсат етіңіз. Талғат әлі аспанда, машинаның майы әлі 10 минутке жетеді. Одан кешіксек, ұшқыш та, машина да апат болады, — деп өтінді Сергей.

— Машинаны аспаннан табу мүмкін емес, училищедегі жақсы курсанттардың бірі еді, әлі де болса үмітім бар, — деді полковник сабырлы пішінмен.

— Ол машинаны қыйратса да, өзі аман қалар, — деді топ ішінен бір курсант.

— Жоқ, — деді Сергей, — оны самолеттен ешқандай күш айыра алмайды. Ол өзіне сондай сеніммен қарайтын адам. Ол хауіппен, ең қыйын қатерлі жағдаймен бетпебет кездесуге тынбастан дайындалған жігіт. Меніңше машина қыйраса, ол машинамен бірге кетеді.

— Досың болған соң солай мақтайсың ғой. Әйтпесе ол Саратовта «Р-5» барлаушы самолетпен ұшып жүрген, оны жақсы менгерген деуші едің, жақсы барлаушы болса, енді байқалар, — деді өзін жақсы барлаушы ұшқышын деп санайтын әлгі курсант.

Жарқылдаған нажағай арасынан гүрілдеген мотор үні әлсіз ғана естіле бастады. Бірақ, оны аэродромды тауып қонады деген ешкімнің ойында болған жоқ.

Полковник саратына қарап:

— Енді бір-ақ минут, оған кейін самолетте бензин

жоқ,—деп самолеттің даусы естілген жаққа қайта-қайта қарай берді.

Қарасұр бұлтты қақ жарып төмендеп келе жатқан самолетті көргенде, бастығы полковник болып, аэродромдағы жұрт күлімдеп сала берді, Сергей тыпыршып орнында тұра алмады.

— Міне менің барлаушым! Міне менің барлаушым!

Көңілі жай тапқан полковник:

— Ол өзі барлаушы ма еді? — деп сұрады Сергейден.

— Я, ол жақсы барлаушы, — деді Сергей өзінің таластағы сөзін дәлелдегендей болып.

Үсті басы су-су болған Талғатты ең алдымен Сергей барып самолеттің кабінінен көтеріп алды.

— Қаратүнекті қақ жарып қалай шықтың? Қалай таптың? Біз сені жоққа шығарып едік, — деген сөздерді курсанттар жан-жақтан жаудырып жатты.

Бүгінгі ушу училищені бітірушілерді сыннан өткізу еді. Полковник сынның қорытындысын шығарып, бітірушілерге аттестат, мінездеме берді. Талғатқа берілген мінездемеде мынадай жазу бар еді. «Училищеде болған кезінде тәртіпті, әдепті, ұстамдылық көрсетті. Жақсы ұшқыш, сабырлы, салмақты жігіт».

Полковник бітірушілерге арнап сөйлеген сөзінде ел басына төнген екі талай күнді айтты. Сауыт киген қанды мойын, қанды қол, қара күштен Отанымызды сақтап қалуға шақырды. Майданға жүретін жас ұшқыштар да жалынды сөздер сөйледі.

Трибунға аласа бойлы, талдырмаш, кішкене көзді қара жігіт шықты. Оның кішкене қара көзінің жанары ұшқын ұшып тұрғандай от жалынды еді. Сөзі сараң болса да, салмақты, аз болса да ауыр зілі бар. Ол көп алдында Отанға салтанатты ант беріп тұрған адам тәрізді әрбір сөзін салмақпен айтты:

— Жауды көкте де, жерде де аяусыз соғуға, ар мен намысты, қан мен кекті жауға жібермеуге ант етейік, жолдастар! — деп сөзін бітірді ол.

Жыйын бітісімен ол әкесі мен шешесіне мектепті бітіргенін айтып хат жазды да конвертке салды, енді адресін жазуға қаламды сыяға мала бергенде, майданға жүрушілерді самолет күтіп тұрғанын хабарлады. Ол адресі жазылмаған хатты қалтасына салған күйінде жүгіріп сыртқа шықты.

Аэродромнан тез көтерілген самолет училище үйінің



төбесінен үш айналып шықты. Қанатын қағып, қоштасу белгісін берді де, майданға қарай бет бұрды. Нақ осы кезде әркім өз ойыменен өзі болып сазарып қалды. Біреу өскен жерін, ата-анасын, туысын, біреу үйін, балаларын есіне алды.

... Талғат Сарыарқада туды, Алатауда өсті, Еділ мен Жайықтың жағасында оқып, білім-тәрбие алып, арманына, жастықта жетпестей болған үмітіне жетті. Бір кезде сағымдай бұлдыраған үміті Еділ бойында тұңғыш рет орындалды. Еділ мен Жайық егіз өзен, сондықтан да, бір-бірінен ажыратып алмастай ыстық еді оған.

Егіз өзеннің бірі ұлы орыс дөнінен, бірі Орал тауынан ағып келіп Каспи теңізіне құяды. Екеуінің құятын жері түйісер кіндігі Каспи. Бұл екеуінің құяр жері қандай бір болса, орыс пен қазақтың тағдыры да сондай бір, деген ойды ол бір емес, бірнеше рет қайталап ойлап, қайталап айтатын ішінен. Міне, енді ол орыс жерін, Сарыарқадай кең байтақ украин даласын, Жайықтай жақсы көрген Тарастың Днепросын қорғауға аттанды. Ол өз жерін, өз елін, жұпар ауасы жас жанына азық болған совет аспанын қорғауға аттанып барады.

Ол осы ой үстінде отырып төмен қарағанда:

— Ерім! — дегендей болды Еділ оған.

— Жеңіп қайт! — дегендей болды Жайық оған.

(Жалғасы бар)





# Колхоз председатели

Бұл 1945 жылдың февраль айы еді. Ойыл даласының ақ бораны алай-түлей түтеп тұрған кез. «Жақсыкөл» колхозының соқа-сайманы әлі жөнделмеген, күш көліктерінің күтімі нашар, көктем егісі болса жақындап қалды, тұқым қоры жеткіліксіз. Жаңа ғана жыйылыста колхозшылардың көрсеткен кемшіліктері көзіне елестеген Ақжанай қалың ойға шомып келеді. Колхозда партия ұйымы жоқ, комсомол ұйымының мүшелері аз, ұйымдастыру жағынан әлсіз. Оның әзірше тірек етері — колхоздағы, жаңағы жыйылыста көрініп қалған, біраз ғана белсенділер болып көрінді.

Жұмысты неден бастау керек. Ақжанай біраз ойланғаннан кейін колхоз комсомолдерінің жыйылысын шақырды. Онда колхоздың көктем егісіне дайындық және оның жоспары туралы өзі баяндама жасады. Комсомол жыйылысы егіске дайындық жұмысына барлық комсомол, жастардың қатысуын қамтамасыз етерліктей шараларды белгілеп қаулы алды. Ақжанайдың басқаруымен комсомол ұйымы қолға алған колхоз жұмысы дұрыс жолға қойылып, егіске дайындық жұмыстары басталды. Бір-ақ күннің ішінде-ақ колхоздың соқа-сайманы да жөнделіп болды, күш көліктері де күтімге алынып семіртіле бастады, комсомолдарың көмегімен тұқым қоры да толықтырылды. Сөйтіп, «Жақсыкөл» колхозы сақадай сай дайындықпен кірісіп, егінің әрі тез, әрі сапалы егіп болды.

Ойыл ауданының еңбекшілері дүние жүзіне даңқы жайылған «ақтарының атасы» — Шығанақ қарттың әдісін қолдана отырып, өнімді жылдан жылға молайта түсуде. Бұл жарыста Ақжанай басқарған «Жақсыкөл» колхозы да озаттар қатарына теңелді. Тек егіннен ғана емес, мал басып өсіруде де бұл колхоз бір жыл ішінде аудан колхоздарының алдына шықты. Колхоз шаруашылық-ұйымдастыру жағынан нығайып, колхозшылардың әл-ауқаты, мәдениеті арттырылды.

Ойсыбаран кемшіліктерді ол қалай жоя білді?

Ақжанайдың колхоз шаруашылығы

нын нығайтуда зор табыстарға жеткен себебі, біріншіден ол колхоздың комсомол ұйымын нығайтуға көмектесті. Комсомолдар арқылы колхозшылар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жақсарту, сөйтіп, колхоз жұртшылығын ұйымдастыра білгендіктен, олардың колхоз жұмысына деген ынта-жігерін арттыра білгендіктен, өзі партия тапсырмасына жауапты қарап, халық сенімін ақтауға күш-жігерін аямай жұмсағандықтан жетті.

Ақжанайды колхоз шаруашылығының қандай тарауын алсаң да жұмыстың қызып жатқан жерінен кездестіресің. Теңіз толқынындай толықсып майысқан ақ тарының егісі, көк орай шалғын шөп шабындығында да, колхоздың ырысы — ымырсыған төрт түлік жайлауында да бұқарамен шүйіркелесіп жүрген аласа бойлы қараторы қызды көресің. Ол көпшіліктің өзі қалап сайлаған жас председатель-Ақжанай, Ленин комсомолының социалистік ауыл шаруашылығы басшылығындағы көп өкілінің бірі. Өзі көпшіліктен тәрбие алып, көпшілікті үйретіп, тәрбиелей білетін жалынды жастың бірі де осы.

— Ақжанай қарағым, мал бағуда осы колхозда менен тәжірибелі ешкім жоқ деп жүрмін. Бірақ, сенін маған көрсеткен көмегің мен айтқан кеңесің мал өсірудегі табысымды молайта түсті. Бұрын мен 100 саулықтан 110 қозыдан асырып алмаған едім, ал, қазір әрбір 100 саулықтан 124 қозыдан алып отырмын, алдымдағы малым әрі шығынсыз, әрі күйлі өсіп келеді— деді колхоз шопаны Ақшолақ қарт.

... Ақжанай Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты. Бұл оған халықтың екінші рет білдірген ең зор сенімі еді. Ақжанай бұл сенімді де аброймен ақтап келеді. Халық депутаты, мемлекеттік қайраткерлігі дәрежесіне сай қызмет істеуде.

Ақжанай Қаракенова Қазақстан комсомолының тәрбиелеп, шындап шығарған көп жауынгерінің бірі. Ол Ленин комсомолына тән табанды, батыр, қабілеті мол, көпшілік арасындағы игілікті істі орындауда ысылған жігерлі жастың бірі, қарапайым қатардағы комсомолдан мемлекеттік қайраткерлік шыңына дейін жеткен, үнемі алға өрлеу жолындағы жас адам. Оны өсірген большевиктер партиясы, Ленин комсомолы. Біздің әрбір жас ұрпақтарымыз да осылай өсіп отырмақшы.

Б. СЛАНОВ.

... Колхоз басқармасының есепті баяндамасынан кейін басталған жарыс сөз қыза түсті. Бұрын бүркемеленіп келген талай сырдың беті ашылды.

Қазір февраль айы. Көктемгі егіске дайындық жұмыстары барынша қыза түсуі керек еді. Ал, іс жүзінде олай емес. Кейбіреулер колхоз председателинің айтқанын тындамайды. Еңбек тәртібі нашар. Бұл неліктен бұлай болып келеді? Колхоз председателинің жұртшылық алдында беделі жоқ. Ақыры колхозшылар: ол орнынан алынсын, колхоз шаруашылығын жақсарту үшін қолынан іс келетін, көпшілікті басқара білетін адамды сайлауымыз керек деген тоқтамға келді.

Кімді сайлау керек?.. Бұл жұмысты ол менгере алар ма екен?! Партия қатарында емес, бірақ ол Ленин комсомолының мүшесі. Жастар арасында ол өзінің ұйымдастыру жұмысына қабілеті мол екенін көрсете білді. Комсомол жұмысын жақсы атқарған адам, колхоз жұртшылығына да басшылық етіп, көпшілікті жұмысқа ұйымдастыра алар. Келешегі бар бала. Соны қалап сайлауымыз керек!..

Біраз айтыстан кейін көпшілік ойын тыянақтап, қорытындыға келді. Олар комсомол мүшесі Ақжанай Қаракенованы бірауыздан колхоз председателдігіне сайлады.

— Бұл, — деді, өзіне-өзі Ақжанай, — Ленин комсомолының мүшесіне жүктеген партияның тапсырмасы, халықтың сенімі. Мен үшін оңай жүк емес, бірақта, өте ардақты іс. Барлық жігерімді, қабілеттілігімді жұмсаймын. Осы сенімді халық алдында қалайда ақтап шығамын.



# Күрші білек

Алып заводтың қызыл қыштан қалаған кең қорғанының ішінде зәулім-зәулім үйлер тұр. Бәрінде де түрсілдеп, зырылдап жүріп жатқан керемет машина станоктары. Бізді бастап келе жатқан заводтағы комсомол ұйымдастырушысы Жданов жолдас:

— Дәл мына үлкен үйде слесарьлар цехы бар. Біздің Сергейдің басқаруындағы комсомол, жастар бригадасы да осында, — деді.

Айнала қабырғалары да, төбесіндегі шатыры да мөлдіреген әйнек. Жарқыраған кең үйдің іші — зор еңбек дүкені тәрізді. Сансыз слесарь станогі, олардың қай-қайсысына қарасаң да ламылсыз жұмыс істеп жатыр. Кей біреуінің жанында бір-екі адамнан, кей біреуі тіпті адамсыз қыймылдап, өз бетінше жұмыс істеп тұр. Станоктардың көбінде кішкене қызыл жалау байланған, бірсыпырасында екеу-үшеуден, тіпті кей біреуінде бес-алтыдан жалау байланған.

— Бұл қызыл жалаулар ненің белгісі екен?

— Ол табыстың, озаттықтың, жеңістің белгісі. Социалистік жарыстың еңбекке туғызған қарқынының көрінісі. Әрбір жалау тапсырманың жүз процент орындалғандығын көрсетеді. Норма қанша рет артық орындалса, олардың алдындағы станокке сонша жалау байланады. Бұлар түскі тамаққа жаңа ғана шығып келді. Бірақ, көпшілігі күндік тапсырмаларын бір-неше еседен артық орындап та қойған.

Сол жағындағы бұрышына жеті қызыл жалауша ілінген үлкен станокке таяна бергенімізде, қасымыздағы Жданов жолдас тағы да бізге қарай бұрылып:

— Біздің Сергейдің 5 жұмыс сағаты ішінде қанша норма орындап тастаранын көріп келе жатқан шығарсыздар. Мұның өзі де, бүкіл бригада мүшелері де, сонымен қатар олардың мына слесарь станогі де өте асығыс қыймылдайды. Бұлар қазір, күндер, айлар ғана емес, талай жылдарды аттап өтіп отыр. Елуінші жылды былай қойғанда, олар жақында елу үшінші жылды қарсы алғалы дайындалып жатыр, — деді.

— Бүкіл жер жүзіне даңқын жайған стахановтық рекорд пен әдістің жаңа шыққан дәуірінде таң-тамаша қалуға болар еді, мұндай табысқа. Қазіргі коммунизм құру сатысына аяқ басқан кезімізде мұндай өрлеу заңды болды

рой. Мұндай табыстарға қазір екіншісі бірі не болып отыр. Бұл қазір көпшіліктің игілігіне айналған іс болды. Токарь Петр Воротинцев қазір елу бесінші жылдың есігінен қарады. Ол соғыстан кейінгі бесжылдықтың екі жылдың ішінде тоғыз жылдық тапсырма орындады. Бұған қарағанда, біздің бригадамыз әлі де өз жұмысына қарқын туғыза түсуі керек. Ол үшін бізде толық жағдай бар. Әлі де алға өрлей береміз, — деді Сергей Фадеев.


Орта бойлы, денесі суарылған болаттай, көзі күлімдеп тұрған уыздай жас жігіттің станок тетіктерін ұстаған құршы қолы жып-жып етеді. Оның алдындағы станогінен жасалып шығарылып жатқан неше түрлі темір тетіктердің жонығы шыйыршықталып, ағаш ұсталарының тақтай қабығындай бұрқырап үйіліп жатыр. Көзді ашып жұмғанша бір деталь даярланып шығарылып жатыр. Мұның айналасындағы станоктардың, оларды басқарып тұрған жас жігіттердің қыймылдары да дәл сондай. Барлығының шапшаңдығына да көз ілеспейді.

— Бұлар кімдер? Сергей Фадеев кім?

Бұлар біріншіден Ленин комсомолының мүшелері, коммунистік рухта тәрбиеленген жас ұрпақтар, денелері болаттай шыныққан еңбек ерлері, құршы білек жас жұмысшылар.

Ал, Фадеев Алматының күрделі машина жасау зауытында комсомол, жастардан құрылған слесарьлар бригадасын басқарды. Жаңағы оның төңірегіндегі өзімен бірдей қыймылдап жүрген жас жігіттер оның бригадасының мүшелері. Олардың барлығы да Сергеймен қатарлас келеді. Бригада мүшелері тегісінен соғыстан кейінгі екі жыл ішінде жеті жылдық тапсырмаларын срындады.

Сергей Фадеев Алматының күрделі машина жасау зауытына 1942 жылы келді. Ол алғаш жұмысқа келгенде үйренуші слесарь еді. Отан соғысының ауыр жылдары үйренген мамандығын тез меңгеріп әкетті. Екі жылдың ішінде 6 разрядтағы слесарь болды. «Ата көрген оқ жонар...» деген-



дей Сергейдің әкесі слесарь еді. Ол Отан соғысында қайтыс болған, әкесінің орнын басып, майданға қару-жарақ дайындауда, елдің хажетін қамтамасыз етуде жастар алдына қойылған міндеттерді аброймен орындап отырды. Сергей Ленин комсомолы қатарына өтерде комитетке былай деп өтініш жазды:

— Мен жас болсам да Отан соғысы кезінде шынықтым. Өндірісте берілген тапсырманы барлық жігеріммен орындап келемін. Ленин комсомолына мүше болып, жастардың алдыңғы отряды қатарында тәрбиеленгім келеді. Комсомол талап еткен жағдайда Ленин — Сталин партиясы ісі үшін барлық күш жігерімді жұмсаймын. Керек болған сағатта ақырғы тамшы қаным қалғанша күресемін. Мені Ленин комсомолына алуыңызды сұраймын, — деген. Ол бұл уәдесін бұлжытпай орындап келеді. Ол комсомолдың тапсырмасын екі етпей орындап келеді. Сергейдің беделі тек комсомолдар арасында ғана емес, сонымен қатар барлық жастар, завод жұмысшылары алдында өсіп келеді. Отан алдында істеген еңбегін бағалап сайлаушылар Фадеевті Астана Қалалық советіне депутат етіп сайлады.

Ленин комсомолы қатарында тәрбиеленіп шыныққан, құршы білек еңбек ерлері мындап саналады. Соның бірі — Сергей Фадеев. Ол коммунизм құру жолында өзінің көздеген мақсатына тамаша жаналық, өндірістік өрлеу шыңына шығады.

Б. ШЕРКЕШҰЛЫ.

# Білім шыңына

... Тарих сабағынан емтихан жүріп жатты. Орта бойлы, көзілдірікті жас жігіт қолындағы билеттің сұрауларына жауап беріп тұрды. Оның баяу, салмақты үні бір төмендеп, бір көтеріліп шығады. Ол Александр бірінші патшаның дәуіріндегі оқу-ағарту жұмыстары туралы, орыс-иран соғысы туралы, Тұрманчай келісімі туралы сөйлеп өтті... Студенттің емтихан алдында көп оқып, көп ізденгені оның әрбір сөзінен, келтірген мысалдарынан айқын көрініп тұр. Профессор жас жігіттің аузына үніле қарап, үнсіз отыр. Анда-санда студенттің сөзін мақұлдағандай басын иізіп қояды. Аздап әжім кіре бастаған дөңгелек жүзіне енген жайдары, жарқын шырайдың өзінен-ақ, студенттің берген жауабына іштей қатты сүйсініп отырғаны айқын сезіледі.

Студент сөзін аяқтады. Профессор көзілдірігін аздап жоғары көтеріңкіреп қойып:

— Жолдас Ешмұхамбетов, сынақ кітапшанызды беріңіз, — деді де, ақырын ғана езу тартып күлімсіреді.

Ешмұхамбетов қызыл тысты әдемі кітапшаны төс қалтасынан суырып алып, профессорға ұсынды. Профессор оны алып, алғашқы беттерін тез-тез аударыстырып шықты да, жетінші бетіне өте жақсы деген баға қойып берді. Соңғы екі жылдан бері Қазақтың С. М. Киров атындағы Мемлекеттік Университетінде үздіксіз сталиндік стипендиат болып келе жатқан Бөкенбай Ешмұхамбетов тарих пәнінен бағаны осылай алды.

— Быйылғы оқу жылын дәл осылай аяқтап шығуыңа шын тілектеспін, жолдас Ешмұхамбетов, — деп профессор жас жігіттің қолын алып, қатты қысты да, сынақ кітапшасын өзіне қайтарып берді.

Бөкенбай Ешмұхамбетовтан соң Ахметов, Пишугин жолдастар сын тапсырды. Олар да «өте жақсы» деген бағаға өткерді. Бұл күні болған сынақ жұмысы студенттердің емтиханға өте жақсы дайындалып келгенін айқып көрсетті. Студенттердің өздері де өздерінің бүгінгі еңбектеріне аса риза болып қайтысты.

Аудиториядан Бөкенбай екеуіміз бірге шықтық. Совет көшесін бойлап жүріп келе жатып:

— Профессор сенің қайтарған жауаптарыңа өте разы боп қалды білем досым, — дедім мен оған.

— Я, солай ғой деймін, — деді ол көшенің бас жағына қадала қарап,

ақырын ғана күлімсіреп келе жатып, — адам жас шағында арманшыл да, қыялшыл да болады ғой. Біреулер оқымысты, ғалым болғысы келсе, екінші біреулер ақын-жазушы, тағы біреулер ірі-ірі заводтың, фабриктің директоры болып, туған еліне адал қызмет ететін қажырлы азамат болып өссем екен, деген үмітті ойды басынан екі елі шығармай арман етеді. Кейде соның біреуін тандап алып, өзінше біртіндеп бейімделе, икемделе бастайды. Міне, мен де сол арман дүниесінің есігін орта мектепте оқып жүрген кезімнен бастап-ақ аштым. Бірақ, менің бұл арманым шынайы өмірдің өзінде болатын, өте жабайы, қыялдан көрі мақсатқа жақын арман болатын. Мен тарихшы ғылым қызметкері болсам деуші едім. Әрине, мұның шындық екенін өзін де жақсы білесің. Бірақ, осының бәрі тек болашақ өміріңе алдын ала жасаған жоба тәрізденіп қалып қояды екен. Оны іске асыру үшін қажымас талап, ауыр еңбек керек екен.

— Мен орта мектепті мақтау грамотасымен бітірдім. Мектеп директоры мені өзінің кеңсесіне шақырып алып:

— Бөкенбай, сен қандай мамандықты тандап алдың. Жоғары дәрежелі оқу орындарының қайсысына түскің келеді? — деп сұрады.

Мен ешбір бөгелген жоқпын. Көтеріңкі, ашық дауыспен:

— Мен тарихшы боламын. Алматыдағы Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетіне түсемін, — дедім директордың бетіне тура қарап.

Директор біраз ойланып тұрып барып, арқамнан қақты да:

— Жақсы ойланғаның, Бөкенбай! Білімді, мәдениетті жігіт боп ер жетуіне тілектеспін, — деді.

Мен өзімді 7—8 жыл удайы тәрбиелеп оқытқан сүйікті оқытушыма шын жүрегімнен туысқандық алғыс айттым да, жүгіріп шығып кеттім.

Сонан бері төрт жыл өтті. Мен қазір университеттің 4 курсына оқып жүрмін. Ешқандай сабақтан жаман баға алып көрген емеспін. Менің арманым орындалып келеді.

Ол осы сөздерді өте мәнерлеп айт-




ты да, үнсіз ғана езу тартты. Ажарлы сұлу қара көздерінде бақыт, қуаныш оты ойнап, қараторы жүзінен майда қоңыр рең көрінді. Мен оның өзіне де, сөзіне де қайран қалдым. Біздің жастарымыздың өмірі қандай бақытты, қандай қызықты десеңші!

Арада бір ай өтті. Мен Бөкенбаймен тез табысып, тез достасып кеттім. Мен оны қалалық кітапханадан өте жиі көріп жүремін. Көрген сайын үлкен-үлкен кітаптардың беттерін аударыстырып, әлденені ізденеді де жатады. Бір күні қалжындап:


— Бөкенбай, сенің өскелең өмірің кітап ақтарумен өтеді-ау, — дедім оның қасы мен қабағын сынай бағып тұрып.

— Қайтейін, — деді ол кеудесін көтеріп, танданғандай менің бетіме тесіле қарап тұрып, — тарихты көзбен көргендей білгім келеді. Бұл мақсатқа мені жеткізетін — кітап. Сондықтан да кітаптан бір елі қашықтап кеткім келмейді, айналып кел соны табамын.

Міне осыдан былай қарай мен Бөкенбайды жақсы түсіне бастадым. Ол еңбек сүйгіш, бастаған ісін аяқтап шығуға тырысатын жігіт екен. Оқу жылының басынан бері университеттегі факультетінің секретарі боп істеп келеді. Аз уақыттың ішінде қолынан іс келетін беделді комсомол басшысы екенін де айқын көрсете білді. Қазір комсомол ұйымы бұрынғысынан ана ғұрлым жақсарып, университеттегі алдыңғы қатарлы ұйымның бірі болды. Ол өзінің студент жолдастарымен жиі-жиі әңгімелесіп, оларға өзінің жолдастық көмегін көрсетіп отырады. Сондықтан да комсомол мүшелері оны әрқашан сыйлап құрмет көрсетіп жүреді.



# Кеңес-Ленин Комсомолының мүшесі



Төреқұлов Кеңес звено пионерлерін шақырып алды да, әрқайсысына жеке-жеке тапсырма берді. Алдымен қолындағы тізімге қарап тұрып, жыйынға шақырылатын қонақтардың аты-жөнін оқып шықты. Олардың әрқайсысы қайда істейтіндігін айтып, түсіндіріп берді.

— Мен өзім Бейсен ағайға барамын. Біздің бұл жыйынымыздың хұрметті қонағының бірі Бейсен ағай — деп, Кеңес жаңадан сөз бастай бергенде, Сарықұл кеңес оның сөзін бөліп жіберді.

— Бейсен ағай аудандық комсомол комитетінің секретары ғой, — деді ол. Артынша ол сөзін мақұлдақандай өзін қоршап тұрған пионерлерге қарады.

— Я, бәрімізде ол ағайды жақсы білеміз. Ұлы Отан соғысында Совет Одағының Батыры атағын алған. Ол талай рет біздің мектепке келіп, неміс басқыншыларына қарсы ұрыста істеген ерліктері туралы әңгіме айтып берген. Ал, бұл жолы Бейсен ағай бізге Ленин комсомолы жайында әңгіме айтады. Ал, бәріңде тапсырма алдыңдар. Енді жұмысқа кірісіңдер. — деп Кеңес алдымен өзі жүруге ыңғайланды.

\* \* \*

Кеңес келе жатқан бетінде өзі басқарып жүрген звено пионерлері туралы ойлады.

Бұл звеноның пионерлері мектеп ішінде айрықша көзге түседі. Олар ең алдымен ұйымшыл және көпшіл пионерлер еді. Бұл звеноның пионерлері әр уақытта бірінен-бірі үйреніп отырады. Бір таңдалатын нәрсе бәрі де шетінен ұқыпты және алғыр балалар еді. Олар ересек адамдармен сөйлескенде, жасқанбай батыл сөйлеседі. Айтайын деген ойын еш нәрседен қысылмай толық айтып шығады. Түсінікті сөйлеуге дағдыланған. Кеңес, әсіресе, Сарықұлға таңданып келе жатыр. Оның мінез-құлқы өзгеше болатын. Аса шешіліп сөйлей алмайтын. Кей жезде қысылып ұяла беретін.

Сарықұл соңғы уақытта жолдастарынан көп әсер алғаны байқалады. Ол тіпті қазір өзгеше адам болған.

Бүгінгі Кеңестің звеносы алған тапсырманың ұқыпты орындалуы да осыған байланысты еді. Кеңестің звеносындағы пионерлер бұл тапсырманы орындаушығы үстінде көп адамдармен кездесуі керек. Оның

ішінде көпшілігі ауданның басшы қызметкерлері. Бұлар таныс адамдар емес. Сондықтан бірден барып тілдесе кету қиын соғатындай сезілді. Барған жұмысты тындырып қайту үшін бұл жолы да батылық керек еді.

Кеңестің өзі де бұл туралы ешбір күмәнданбайды. Пионерлері бұл тапсырманы бұлжытпай орындай шығады деп, сеніп келе жатыр.

Бұл жезде Кеңес аудандық комсомол комитетінің үйіне жақындап қалған еді. Басқыштан жоғары көтерілді де, үлкен қызыл есіктің алдына тоқтады. Есіктің жоғарғы жағында ілулі тұрған әйнек ішіндегі үлкен әріптермен жазылған әдемі жазуды оқып шықты. Онда: «Аудандық Комсомол комитетінің секретары» деп жазылған еді.

Кеңес есік алдында көп кідіріп тұрмай, рұхсат сұрап ішке кірді. Кеудесіне Ленин ордені мен Алтын Жұлдыз қадалған қара торы адам оны жылы жүзбен қарсы алды. Кеңес те өзі әдеттенген әдеппен пионерлік сәлем берді. Орындыққа отырып жайғасып алған соң, Кеңес өзінің жұмысын айтты.

— Біздің мектептің пионерлері Сіздің комсомол ағамыз туралы әңгіменізді тыңдауға аса ынтық болып отыр. Бұл жолы дружина жыйынын әдейі комсомол ағамызға арнап шақырдық. Енді Сіздің келуіңізді күтеміз, — деді Кеңес сөзінің аяғында.

Бейсен де Кеңестің сөзін қызыға тыңдады. Ол ішпен Кеңестің өткір бала болып өсіп келе жатқанына сүйсінді. Бұл нағыз совет мектебінде тәрбиеленіп өскен пионер деп бағалады.

Кеңес Бейсеннің аса бір хұрмет көрсете тілдескеніне риза болып қайтты.

\* \* \*

Ол өз өміріндегі әсерлі жаңалықтарды анасына баяндап отыратын. Мектептегі соңғы күні өткен пионер дружинасының жыйыны жайында, сол күні-ақ айтып жеткізген.

— Жыйын өте қызықты өтті. Бейсен ағай Ленин комсомолы жайында қызық әңгіме айтып берді, — деді Кеңес.

Комсомол—Коммунист партиясының сенімді қолқанаты болып саналды. Комсомол жұмыстың барлық саласында белсенді, алдыңғы қатарда жүреді. Ол өн-

дірісте, ауыл шаруашылығында, тағы басқа жұмыстардың көптеген саласында қажырлы еңбек істеп жүр. Комсомол Ұлы Отан соғысы кезінде неміс басқыншыларына қарсы батырлық күрес жүргізді. Комсомол оқуда да ең алдыңғы қатарда үздік оқыйды...

Кеңес жыйынында Бейсеннің сөзін ықыласпен тыңдаған еді. Онда тыңдап, ұғып алғандарын анасына бұлытпай осы ретпен баяндап берді.

Бұл әңгімеден ол комсомолдың кім екенін енді анық түсініп алды. Бұрыннан да өзінше талаптанап, комсомол жайында оқып біліп алғандары, тыңдап, есіне түйін жүргендері көп болатын. Бұл естігендері соларына қосымша болды.

Енді өзінше осыларды өлшеп, салыстыра отырып, өзін комсомол мүшесі болуға толық әзірмін деп есептеді. Мектептің пионер ұйымы да Кеңесті комсомол қатарына өтуге ұсынды. Ұйым бұл жөнінде Кеңеске зор сенім артты.

Кеңес көп ұзамай Қазақстан комсомолының төртінші съезі болады деген хабарды есітті. Мектеп пионерлері съезге тартулар әзірлеуге кірісті. Әр қайсысы жетістіктермен қарсы алу шарасына кірісіп, қызу әзірлене бастады.

Кеңес те Қазақстан комсомолының төртінші съезін айрықша қарсы алуға әзірленді. Бұл жұмысына өзінде қуанышты еді.

Бұл уақыт та көпке созылған жоқ. Кеңестің барлық әзірлігі пісіп жетті. Көп ұзамай ол аудандық комитеттің бюросына шақырылып, комсомолға алынды.

— Мен бұдан былай Ленин комсомолының мүшесімін. Бұл мен көптен арман еткен ардақты атақ еді, — деді ол бойын билеген зор қуаныштың әсерімен.

Қазір Кеңестің кеудесінде комсомол билеті сақтаулы жүр. Ленин комсомолының атына кіркелтірмеу үшін күресуге достары және пионер ұйымы, комсомол алдында ант берген. Ленин комсомолының атын кіршіксіз әр уақытта таза ұстау жолында күреседі. Комсомолдың алдында өзі берген ант оны әр уақытта жақсы жұмыстарға жетектеп отырады.

Міне, Кеңес Қазақстан комсомолының төртінші съезін осындай қуанышпен қарсы алды. Ол қазір Ленин комсомолының мүшесі.

**А. БАЙТАНАЕВ.**

Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы.



**Л. КВИТКО**

Еврей ақыны

**Емен айтты:**

Мен көне, мен ақылды, көркем, берік,  
Еменнің еменімін — толы қуат.  
Сонда да, атқа қызығам, сары желіп  
Бойында қара жолдың жортқан зулап.

**Ат айтты:**

Мен жүйрік, жаспын және қызба, шапшаң,  
Аттың аты, құмармын жел шабысқа.

Қызығамын сонда да құстарға ұшқан  
Қыранға, ең ақыры сары шымшыққа.

**Қыран айтты:**

Әлемім биік, жел маған басын иген,  
Тұғырым үрей алар тас қыяда.  
Тең келмейміз адамның күшіменен  
Туасы жаны азат, ақыл дана.

Аударған Мұзафар ӘЛІМБАЕВ



# Біздің Колхоз - Жаңа бесжылдықта

Сталиндік төртінші бесжылдық жоспар туралы дружина жыйынында жасалған әңгіме аяқталды. Баяндамашы өзінің сөзінде жаңа бесжылдықта біздің елімізде көптеген жаңа заводтар мен фабрикалар салынып, жүздеген шахталар мен рудниктер ашылатынын және жаңадан мыңдаған оқу және мәдениет орындары жасалынатынын айтты. Баяндаманың соңында пионерлер баяндамашыға сұраулар бере бастады. Баяндамашы ол сұраулардың барлығына да бөгелместен жауап берді. Бірақ, ол бір сұрауға келгенде, жауап бере алмай, бөгеліп қалды. Ол пионер Бикен Алдабергенованың:

— Біздің колхоз жаңа бесжылдықта қандай болады? — деген сұрауы еді.

— Бұған, — деді баяндамашы, — мен қазір жауап бере алмаймын. Дегенмен бұл бір өте орынды және қызықты сұрау екен. Дружинаның келесі жыйыны осы тақырыпқа арнаңдар.

Мұнан кейін мен пионерлерге колхоздың бесжылдық жоспарына арналған жыйынды қалай өткізу жолдарын айттым.

Менің айтқан сөздерім пионерлерді қызықтырды. Бірақ колхоздың бесжылдық жоспары туралы кім айтпақ? Барлық пионерлер бұл туралы тек колхоз басқармасының председатели Жылқыбай ағай ғана айта алады, деген қортындыға келді. Өйткені Жылқыбай ағай осы колхозбен бірге жасасып келеді. Ол оның алған ұйымдасып, колхоз болып құрылуына белсене атсалысқан, колхоз шаруашылығының өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосқан адам. Сондықтан да үкмет пен партиямыз Жылқыбай ағайдың осы еңбектерін аса жоғары бағалап, оны

Ленин ордені, Хұрмет белгісі ордені және еңбектегі ерлігі үшін медалымен наградтады. Халқымыз Жылқыбай ағайға зор сенім білдіріп, оны Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты етіп сайлады.

Дружина председателіге үш-төрт пионерден өкіл жіберіп, оның жыйынға келуін және колхоздың бесжылдық жоспары туралы әңгіме айтып беруін өтінді. Жылқыбай ағай өзінің келісімін берді.

Дружина жыйынға қызу дайындалды. Пионер Бикен Алдабергеноваға «Біздің колхоз жаңа бесжылдықта» деген сурет-монтаж дайындау ісі тапсырылды. Ақан Әбдікәрімов, Камал Әмірұллаев қабырға газетінің келесі санын осы тақырыпқа арнап шығармақ болды.

Дружина жыйыны ашылды. Сөз Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, колхоз председатели, қос орденді— Жылқыбай Абаевқа берілді.


— Балалар, — деді ол өзінің сөзінде, — колхоздың келешегіне көз жіберместен бұрын, әуелі оның өткен өмірін еске түсіріп өтейік. Өйткені өткенді білмей, жаңаны жасауға болмайды.

Біздің колхоз 1929 жылы ұйымдасты. Алғашқыда ол «Социалды» деп аталды. 1935 жылы колхозымызға еліміздің ең ардақты ақсақалы—Михаил Иванович Калинин келді. Ол колхозымыздың хұрметті мүшесі болды.

Михаил Иванович біздің колхозды тікелей өз қамқорлығына алды, колхозшылардың пайдалануына жерді мәңгілік бекітіп берді, колхоз балаларына арнап мектеп салу үшін мемлекет қорынан 80 мың сом қаражат әнерді. М. И. Калининнің осы ерекше еңбектері мен қам-



Калинин атындағы колхоздың қазақ орта мектебі.



Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, қос орденді колхоз председателі Жылқыбай АБАЕВ жолдас мектеп оқушылары мен пионерлер арасында әңгімелесіп отыр.

қорлығына орай, колхоз мүшелері өз колхозын Михаил Ивановичтың есімімен атауға қаулы алды.

Міне, содан бері 10 жылдан аса уақыт өтті. Колхозымыз Улы Отан соғысының ауыр жылдарын басынан өткізді. Соғыс та бітті. Халқымыз адам баласы тарихында болып көрмеген ұлы жеңіске жетті. Елімізде Халық шаруашылығын қалпына келтіру және өркендетудің бесжылдық жоспары жасалды. Міне, осы жоспарға сәйкес, біздің колхоз да өзінің бесжылдық жоспарын жасады. Бұл жоспар бойынша колхозымызда жаңа құрылыстар салынды, халық шаруашылығы қарыштап өсті. Балалар, келіндер туған колхозымызға саяхатқа шығайық, сонда әлгі жаңадан салынған құрылыстарды өз көзімізбен көреміз. Рас, 2.800 гектарлық колхоз жерін біз бір күнде жаяу аралап шыға алмаймыз. Айтпақшы, біз неге жаяу жүреміз, біздің колхоздың автопаркінде 5 автомобиль бар. Міне, біз осы автомобильдердің біреуіне мініп, саяхатқа шықтық.

Біз колхоздың орталық көшесімен жүріп келеміз. Бұрынғы балшықтан соғылған кішкене үйлердің орнында жаңадан салынған биік кірпіш үйлер тұр. Мүмкін сендер: «Колхозшылар үй салуға қаражатты қайдан алды?» — деп таңданарсындар.

Таңданатын түгі де жоқ. Сталиндік төртінші бесжылдықта біздің колхозымыз әлді, ауқатты колхозға айналды. Колхозшыларымыздың күйі жақсарды. Сөйтіп, біз өз қаражатымызға үй салуға керекті материалдарды сатып алуға күшіміз жетті.

Анау ортада тұрған көп терезелі биік үйге қарандар. Бұл жаңадан салынған орта мектеп. Колхозшылар оны өздерінің балалары үшін, сендер үшін салды. Ана тұрған ақ үй-аурухана, анау-оқу үйі, ал анау көрінген балалар бағы.

Ана тұрған әдемі үй — колхоз клубы. Оның төбесінде антенна. Әне, диктордың саңқылдаған даусы естіледі: «Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! Сөйлеп тұрған колхоздың радиоүзелі. Бүгін колхоз

клубында «Алтын мүйіз» атты көркем суретті, дыбысты фильм болады. Сеанс кешкі сағат 7де және 9да басталады. Касса күндізгі сағат 4тен бастап ашық».

Біз тағы ілгері жүріп келеміз. Қап-қап астық артқан жүк машиналар кетіп барады. Колхоздың егістік жері соңғы төрт жыл ішінде 1070 гектардан 2300 гектарға шейін ұлғайтылды. Колхоздың егіс даласында жаздық бидай, күздік егіс және мәдени өсімдіктердің көптеген жаңа түрлері егіле бастады. Жер тыңайтқыштардың да жаңа түрлерін қолданып отырмыз.

Балалар, мынау кең алқапта мыңғырып жатқан біздің колхоздың малдары. Бізде асыл тұқымды жылқы мен сыйыр, қазақтың биязы жүнді қойы көп-ақ. Қойлар электр-қайшымен қырқылады, сыйырлар электр доилкамен сауылады. Көріп отырсындар, қазір колхоз шаруашылығының көпшілігі механизацияланған.

Жақсы күтіліп, жақсы тамақтанған соң сыйырлар да сүтті көп бере бастады. Быйыл 1949 жылы, бір жылдың өзінде колхоз сыйырларынан 60.000 мың литр сүт сауылды.

Ал, біздің колхозда құстар қандай көп! Колхоздың құс фермасында мыңнан аса тауық, жүздеген асыранды қаз бен үйректер бар. Олардың әрқайсысы орта есеппен 9—10 килограмм тартады.

Біз құс фермасынан жыл сайын 90 мың жұмыртқа, 30 центнердей құс етін алып отырмыз.

Ал, балалар, біздің колхоз бағына қарандар. Ол соңғы төрт жылдың ішінде адам айтқысыз болып үлкейіп кетті. Қазір колхозымыздың 165 гектар жеріне алма ағашы, 17 гектар жеріне жүзім, 92 гектар жеріне бау-бақша егіледі. Мұнда жемістің неше түрі бар. Әр бағаның басында электр шамы жарқырайды. Көше күндізгідей жарық.

Міне, өз колхозыңның келешегіне көз жіберсең, бойыңды қуаныш кернейді. Ал, біздің колхоз — қуатты социалистік мемлекетіміздің теңізден тамшысындай ғана бір бөлегі. Ал, оның өмірінің осы төрт жыл ішіндегі



Колхоздың қарт мүшесі Ыдырыс МЫРЗАҚҰЛОВтың үй іші түскі демалыста (оңнан солға қарай): үй иесі — Ыдырыс, қызы — Зоя, әйелі — Шекер және келіні — Күлсім.


гүлденуіне карап, біздің еліміздің қаншалықты бай, қаншалықты дәулетті болатынын байқайсындар ма?

Жылқыбай ағай өзінің әңгімесін аяқтады. Пионерлер кезекпен шығып, сөйлей бастады. Олар өздерінің жоспарлары туралы, келешекте кім болғылары келетіндіктері туралы айтты. Колхоздың дәулеті шалқып, байлығы артуы үшін қандай көмек көрсететіндіктері жөнінде,

сөйтіп өздерін оқытып, тәрбиелеп өсірген социалистік Отанына қандай пайда тигізетіндігін білдірді.

Жыйында пионерлер сабақты өте жақсы оқуға және сталиндік бесжылдық жоспарды жүзеге асыруда өздерінің ата-ана, аға-жеңгелеріне жәрдемдесуге уәде берді.

Аға вожатый Клара ЭСЕНОВА,  
Калинин атындағы колхоз, Алматы облысы.



Калинин атындағы колхоздың бұзау қорасында. Бұзау күтуші Зейне ЖАМАНКЕЕВА.

## Ағаш егіндер

Мен сүйемін көктем кезін —  
Ескектеткен өкпек желін,  
Күн күркіреп, су сарқырап  
Ақ көрпесін жыйса жердің,  
Қуанамын туғанына —  
Ұлы күні бақша егудің,  
Жүзін жерге қайрауыма,  
Жалтылдатып күрегімнің.  
«Жеткізер» деп мұратына,  
Кітаптың мәз құр атына  
Болмай, қалқам, сыртың беріп  
Айналмастан, тұра тыңда!  
Кітап, парта, қарындашың,  
Бәрі де ағаш расында.  
Ағаш сая ыстық күнде  
Тасасында тынығуға.  
Ағаш мәнін білдің анық,  
Оқып, ойлап құмарланып.  
Сызғышың да ағаш болар  
Сызу сызған қолыңда алып.  
Қағаздың да төркіні ағаш  
Сабағыңды жүрген жазып.  
Өміріне оқушының  
Осылайша ағаш азық.  
Дарияда кеме көрдім,  
Шарлап жүрген судың төрін.  
Емес пе еді — ол жемісі  
Ағаш егу еңбегінің.  
Білесіндер ағаш керек  
Бәріне де кемелердің.  
Сондықтан да, жас достарым!  
Келеді ағаш еге бергім.  
Қолынан мен жауынгердің  
Көк темірлі мылтық көрдім.  
Ағаштан-ақ жасапты оның  
Әдемілеп талай жерін.  
Білесің ғой мылтықтың, сен,  
Ел қорғауға керектігін.  
Жібермейді мылтық жауға  
Ешқашанда елдің кегін.  
Бір сапарға болсаң кетпек,  
Алсаң бұйрық: «Жылдам жет!» деп.  
Қайтер едің от арбамен  
Көп уақыт болса өтпек?  
Самолетке мінер едің  
Ушу үшін аспан көктеп,  
Самолеттің көп жері ағаш,  
Қыйыстырған кереметтеп.  
Қарап көрші қораларды  
Тұрған топты колхоз малы,  
Қандай заттан істеліпті  
Жүк тасыған шаналары?  
Зәулім үйлер, вагондар да  
Аяғына мінген шаңғы —  
Қандай қызық, ойласаңыз,  
Ағаш екен соның бәрі.  
Жетпес сөз де, жетпес сан да  
Ағаш жайын санағанда.  
Үлкен түгіл, өзге түгіл,  
Ағаш хажет балаларға.  
Қаланы да тұрған жоқ па  
Ағаш бөлеп тамашаға.  
Күрек алда, ек ағашты,  
Ағашта бар алуан пайда!

Қабыл БОРАМБАЕВ.



1945 жылдың көктемі еді. Москва облысындағы Чоботов жетіжылдық мектебінің пионерлері мен оқушылары қолдарына жас ағаш, күрек ұстап жұмысқа шықты. Олар сол күні өздері оқыйтын мектептің маңайына көптеген түрлі жеміс ағаштарын екті. Чоботов мектебінің балалары ағаштар еккен аймақты — «Жеңіс бақшасы», — деп атады. Расында да келесі жылы-ақ Чоботов мектебі гүл бақшаға бөленді.

Чоботовшылар өткен жылы «Отанымызды гүл бақшаға бөлейік», — деп Совет Одағының барлық балаларына хат жазды.

Республикамыздың жас буындары Чоботов мектебінің балаларына үн қосып, мұғалімдері мен вожатыйларының басшылығымен көптеген жұмыстар істеді. Сондай-ақ пионерлеріміз үздік бақшаны атағын алу үшін жарысқа белсене атсалысты. Олар өздері оқыйтын мектептердің, өздері тәрбиеленетін балалар үйлерінің айналасына, өздері тұратын қыстақтың көшелеріне 120.326 жеміс ағаштарын, 104.54 басқадай ағаштар отырғызды.

Үздік бақшаны атағын алу үшін жарыста Алматы, Талдықорған және Павлодар облыстарының пионерлері ерекше көзге түсті.

Павлодар облысының Лозовскі ауданындағы Образцовскі бастауыш мектебінің пионерлері мектеп жапындағы учаскеге 150 ағаш егіп, өсірді. Егілген ағаштарды күту жұмысын отряд советінің председателі Балин Ваня өзі басқарды. Ағаштардың бірде-бірі шетінемей, төгіс тамыр жайып, жақсы бүрледі.

Семей облысындағы Көкпекті балалар үйінің пионерлері жергілікті жұрттың арасына тараған «бұл жерде ағаш өспейді», деген ұрымның бекер екенін дәлелдеді. Олардың үйі қазір шын мәнінде гүл бақшаға бөленген.

— Біздің еккен ағаштарымыз жылдан жылға мәуелеп, тамырын кең жая бермек, — дейді дружина советінің председателі Алеша Грунов.

Жас пионерлердің мұндай игілікті істері өте көп-ақ. Оның бәрін тізіп айта берудің хажеті жоқ.

Қазір барлық совет адамдарының алдында ұлы міндет тұр. Ол — Сталиндік бесжылдықты төрт жылда орындап шығу міндеті. Бұл міндетті жүзеге асыру жолында үлкендерге біздің тигізетін қолқабысымыз зор. Соның бірі — өзіміздің тұратын қыстақты, көшені, өзіміздің мектебімізді гүлдендіру болып табылады.

Ол үшін осы бастан көктемде істелетін жұмыстарды жоспарлап, кім қандай жұмысқа жауапты болатынын белгілеу керек. Бұл мәселеге арнап пионер жыйынын өткізген жөн. Бұл жыйынға аудандық ауыл шаруашылық бөлімінен маман адам, ботаника сабағының мұғалімін шақыруға болады. Олар ағаштарды қалай егу керек екенін, екпе өсімдіктерді күту жолдарын сендерге айтып береді.

Барлық отрядта, дружинада жас бақшашылар үйірмесі құрылуы хажет. Ол үйірмеге пионерлерді неғұрлым көбірек тарту керек.

Жас достар, көктем тақап қалды. Өткен жылдардағыдай быйыл да, ағаш егу жұмысына белсене қатысайық,

Социалистік Отанымызды гүл бақшаға бөлейік!

Л. КОЛПАШНИКОВА.

# Біздің ПОЧТА

## Жақсы оқыймыз

Бір күні сабақтың артынан бір топ бала бас қостық. Олардың ішінде: бірінші кластан Қамаш Нөкенова, Дарига Жанболова, Надежда Сұлтанова, екінші кластан Күләш Шұтаева, Майкеш Әсембекова, төртінші кластан Төлеу Тентеков және мен де бармын. Сол күні біздің дружинаның жалпы жыйыны өткен. Жыйында жуырда болатын Қазақстан комсомолының IV-съезі туралы айтылып, үшінші тоқсанды ойдағыдай аяқтаумен съезді қарсы алу сөз болды.

— Балалар, — деді Төлеу, — мұғалім ағайлар бізді жақсы оқыды деп жер-көкке сыйғызбай мақтайды, мектептегілердің де бәрі біледі. Ал, осы жөнінде «Пионер» журналына жазып жіберсек қайтеді. Біздің ісімізді мұндағылар ғана біліп қоймай, алыс жердегі басқа жолдастар да естісін. Бұл біздің Қазақстан комсомолының IV-съезіне тартқан тартуымыз болсын.

Бұл тілекті бәріміз де қостай кеттік. Олар мұны жазуды маған тапсырды.

Қамаш, Дарига, Надеждалар мектеп есігін үстіміздегі оқу жылында ашты. Олар қазір көп нәрсеге үйреніп қалған сияқты. Күнделік дәптерлерінен 5 тен басқа бағаны көрмейсің.



Ал, Күләш пен Майкеш екінші класта оқыйды. Сабақты өте жақсы оқығандықтары үшін жаңа жылда екеуі де сыйлық алды. Олар сабақтан қалмайды, мектеп ішінде тәртіпті, үйге берген тапсырманы үнемі дұрыс орындайды.

Бұлар үйлерінде оқудың тағы бір түрін үйреніп жүр екен. Оны жақында ғана сездім. Апалары бұларға кесте тігуді, орамалға, тағы сондай заттарға өрнек салуды үйрететін көрінеді. Тіпті жақсы өнер.

Енді Төлеу туралы айта кетейін. Ол алғашқы кезде тентек бала еді. Мұғалім оған әр қашан: «Тентеков, тентектік жасама», — дейтін. Ол партаға сыя төгеді, балалармен ұрыс салады, кітаптарының суретін жыртып

алады, сабақ үстінде дұрыс отырмайды. Күздің басында мектепте ата-аналар мен оқушылардың жыйналысы өтті. Жыйналыста Тентеков апасының, жолдастарының алдында қатты уялды. Тентектік істері бетіне басылды. Ол апасы мен жолдастарына жақсы оқушы болуға сөз берді. Екінші күннен бастап-ақ басқа Төлеуді, сапалы оқу мен саналы тәртіпті түсінген Төлеуді көре бастадық. Мен оның бұлайша жақсылыққа бет бұрғанына тіпті қуандым. Қазір оны біздің кластың балалары мақтаныш етеді.

Қайыржан ХАКИМОВ,

Қостанай облысы, Қара-оба орта мектебінің оқушысы.

## Бір сөз

сөз, ұлы адамның аты болатын. Ол ұлы адамды мен үйдегі ілулі тұрған жарқын суретінен көріп білген едім.

Сентябрь айының аяқ кезі еді. Біз бұл уақытта әріптерді ежелеп оқып бастаған, біртіндеп жаза бастаған болатынбыз. Мен сабақтан үйге келісімен әкемнің үстел үстіндегі газеттерін аударыстырып қарайтын болдым. Әкем:

— Сен немене, күні бойы газетке үңілесің де отырасың. Ана мұғалімнің оқытқанын да біліп алсаң жетер, — дейтін. Бұған апам наразы болып:

— Менің жаным газет оқыйтын болды. Тиме балаға, — деді. Бірақ екеуі де менің ойымды таба алмады, не істеп жүргеніме түсінбеді.


Мен мектепке түскен күннен әке-

міз ұлы Сталиннің атын қалайда тез арада жаза білуге құмарттым. Класта өтетін сабақ бойынша аз күннің ішінде бұл мақсатыма жете алмайтындай болдым. Үйге келіп сол ұлы адамның газеттегі суретін көріп, әкемнен Сталин деп жазылған сөздің қайсы екенін сұрап білдім, көшіріп жазып үйренбек болдым. Сөйтіп, күнде газеттен сол сөзді айнытпай жазып, жаттығып алдым. Кейін көшіріп қана емес, түсініп жазатын болдым. Бұл жөнінде мұғалім ағайдың да көмегі зор болды.

Тамаша, деймін, Сталин атамның атын жаза білгендігіме қуанамын.

Марат ҚАБЫШЕВ,

Семей облысы, Шар станциясындағы мектептің I-класс оқушысы.



Мен оқуға былтыр түстім. Өткен күзде алғаш рет қолыма қағаз, қарындаш, кітап ұстадым. Жазуға да машықтандым. Жазу ісі маған үлкен ойдың есігін ашты. Сол ойымды тез орындасам екен деп асықтым. Ол — бір сөз еді, соны жаза білуге үйрену еді. Жай ғана сөз емес, ұлы

## Съезге сыйлығымыз

Мектептегі пионер бөлмесінде сырғына әшекейлі нақышпен «Қазақстан комсомолының IV-съезіне» деп жазылған, қызыл барқытпен тысталған әдемі альбом бар. Сіз альбомның әр бетін ашқан сайын оған қызыға түссіз, құмартып қарайсыз.

Альбомда бірнеше бөлім бар. Олардың бастылары, «Қазақстан комсомолы алғашқы бесжылдықтарда», «Отан соғысы», «Соғыстан кейін» дегендер.

«Отан соғысы» деген бөлімінде Қазақстан жастарының майдапанда, тылда көрсеткен қаһармандығы мен асқан еңбегі жазылған. Совет Ода-

ғының Батырлары Мәлік Ғабдуллиннің, Төлеген Тоқтаровтың, Мәншүк Мәметованың, Әлия Молдағұлованың және басқаларының суреттері мен ерлік істерінен үзінділер келтірілген.

Альбомның «Соғыстан кейін» деген бөлімі де көз тартарлық. Қазақстандағы жаңа бесжылдықта болып жатқан ірі-ірі өзгерістерді, алуан табыстарымызды көрсетуге негізделген.

Бұл бөлімде де Қазақстан мәдениетінің, ғылымының, ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарлы жастары кең орын алған. Олардың суреттерін альбомға жабыстырып әр қайсысының істері жазылған.



Дружинамыздағы әрбір отряд, әрбір пионер Қазақстан комсомолының IV-съезін III-тоқсанда жақсы оқып, айтарлықтай табыстармен қарсы алуға қызу кірісуде.

Аға вожатый Әлия СЕЙФУЛЛИНА,

Алматы қаласы, 12-қыз балалар мектебі.



Мектеп есігінде «Қош келдіңіз, балалар!» деген жазу тұр. Бұдан аз күн ғана тым-тырыс, тыныштықта тұрған қоңыр үй бүгін қызықтың, қуаныштың белгісін бергендей. Қағаз ұстаған кішкене бөбектер бірінен соң бірі мектепке келуде. Осы күні апасына

## Озат оқушы

еріп Мақсұт та алғаш рет мектеп есігін ашты.

— Қалай, оқығың келе ме? — деді мектеп директоры Мақсұтқа.

— Менің қарғам оқыйды, жақсы оқыйтын болады, — деді апасы масаттанып.

— Я, жақсы оқыймын, оқушы бо-

ламын, — деді Мақсұт апасының сөзін қуаттағандай.

Бұл 1944 жылдың күзі еді. Содан бері төрт жыл өтті. Мақсұт қазір 4 — класта оқыйды. Сөзіп істе орындады. Ол жыл сайын отлучно оқып келеді. Мақсұт сонымен бірге мектептегі көпшілік-қоғам жұмыстарына белсене қатысатын алдыңғы қатарлы оқушы да.

Мақсұт Таңқыбаев біздің мектептегі оқытушылардың да, оқушылардың да мақтанышы.

Хами АРЫСТАНҒАЛИЕВ,

Гурьев облысы, Жолай ауданы, Абай атындағы қазақ орта мектебі.

## Жастардың жаңа ансамблы



Отанымыздың жүрегі — Москваға Еңбек резервтері көркем өнерінің Бүкілодақтық байқауына еліміздің тұс-тұсынан екі мыңнан аса жас жігіттер мен қыздар келді. Байқауда Қазақстан жастары уәкілдері халық әндері «Маусымжан», «Ортеке», «Жаз болса» және «Шахтер» әнін орындады.

Байқаудан соң ССР Одағы Еңбек резервтерінің министрі Пронин жолдас байқауға қатысқандарға, оның ішінде Қазақстан делегаттарына да алғыс жариялады. Оның үстіне Қазақстан делегаттарын Хурмет грамотасымен наградтап, оған Еңбек резервтері ән мен билерінің Қазақ ансамблы атағын берді.

Суретте: Қазақ ансамблы «Ортеке» биін орындап тұрған кезі. Ортада ансамблдың бишісі Ибраим НҮСІПБАЕВ.

## Бұл патриоттық іс

Серіктің әкесі Түркстан — Сибирь темір жолында жол қараушы болып қызмет істейді. Оның үйіші жол бойындағы темір жолдың кішкентай будкасында тұрады.

Серік Қалиев әкесімен бірге жол бойына жиі баратын. Ол да жол бойына қадағалап қарайтын, рельстің сынған жері жоқ па, жол үстіне ағаш құлады ма, шпалдары шіріген жоқ па? Міне, осылардың барлығына да аса зер салатын.

Бір аязды күні Серік жол бойымен мектепке келе жатты. Ол жолшыбай бұрынғы әдетінше рельстерге үңіле қарап, болттардың беріктігін байқап отырды. Алыстан, тау аңғарлары арасынан паровоздың айғайы естіледі. «Жолаушылар поезы... Елу төртінші болуы керек» — деп ойлады Серік ішінен.

Сабақ басталуға аз-ақ уақыт қалды. Серік жүрісін жылдамдата түсті. Кенеттен ол рельстен қара сызық көрді.

Рельстің сынғанына ешбір күмән болмады. Серіктің бойы мұздап кетті. Ол жүресінен отырып, быялайын шешіп сыныққа тесіле қарады. Аяз қарыған суық темір Серіктің қолын қарып кетті. Бірақ Серік суықты сезбеді. Ол келе жатқан поездың дүрсілін естіді, ал қарсы алдында сынған рельс жатыр.

Енді не істеу керек!?

Серік жақын разъезге қарай жүгірді. Қатты жүгірістен жүрегі қысылып, дем де ала алмады. Ол тонының түймесін ағытты, басындағы күлақшының да шешіп тастады. Дегенмен, ол жүгіре берді, жүгіре берді.

Разъезге тезірек жетсем, — поезды тоқтатсам» деп ойлады ол.

Разъезге бір шақырымдай жер қалғанда, поезд жүруге белгі берді. Міне, поезд жүріп те кетті. Серік жол



үстіне отыра қалып, жылап та жіберді. Міне, бұйра түтінді будақтағып поезд да келіп қалды. Енді 2 — 3 минут өтсе-ақ болғаны, поезд келеді де, рельстің сынған жеріне урынады. ал сонда...

Серік кенет орнынан ұшып түрегелді, ол жалма-жан үстінен тонын, пенжегін сыпырып тастап, ішінен ақ көйлегін шешіп алды. Оны басынан жоғары көтеріп, бұлғай бастады.

Машинист Серіктің желбіреген көйлегін байқап қалды да, белгі беріп, поездың жүрісін баяулата бастады. Поезд тоқтады, жолаушылар жүгіріп келіп, Серікті қоршап алды. Ол жолаушыларға поезды не себепті тоқтатқандығын айтты. Жыйналған жұрт Серікті құшақтап, бетінен сүйіп, бас-

тарына көтеріп әкетті. Өздерінің өмірлерін сақтап қалғаны үшін, жолаушылар оған шын жүректерінен алғыс айтты.

Станция бастығы Серіктің осы ерлігін жоғары бағалап, оның қырағылығы мен тапқырлығы үшін, оған бағалы сыйлықтар берді. Серік сыйлықтарды алып жатып:

— Бағалы сыйлық алардай сонша мен не істедім, тек өзімнің пионерлік борышымды атқардым ғой, — деді.

— Жоқ, Серік, — деді станция бастығы оған, — сенің бұл ісің тек пионерлік борышыңды өтегендік қана емес, сонымен қатар бұл — нағыз патриоттық іс.

Кәрім САРИЕВ,

Түркстан — Сибирь темір жолы, Шу станциясы.

## Достың көмегі

Дүйсен сабақты үлгірмеушілердің қатарында қалды. Қабырға газетінен Дүйсеннің екілікті құшақтап тұрған суретін көрдік. Мұны көрген 5-клас-тары бірге оқыйтын балалар «еншісіне» екілік тиіпті деп, Дүйсенді келеке етті. Дүйсен қатты уялды.

Бірақ, Үсен күлген жоқ. Досы үшін ол да уялды. Ол Дүйсенді жақтап сөйледі.

— Екілік Дүйсенге байланып қалған жоқ. Ол әлі бәрінен де озады! — деді.

Біз бұдан кейін Үсен мен Дүйсенді ылғый бірге көретін болдық. Мектепке екеуі бірге келеді, бір партада отырады, үйге бірге қайтады. Оқытушының үйге берген тапсырмаларын бірге орындайды. Екінші тоқсанда Дүйсен барлық сабақтан жақсы деген баға алып, жақсы оқыйтындардың қатарына ілікті.

Дүйсенге оның достары — қабырға газет пен Үсен осылай көмектесті.

Сәлеш ҚУЛМАҒАМБЕТОВ.

Шу станциясы, 63 — қазақ орта мектебі.



Үсен мен Дүйсен бір класта оқыды. Бірінші тоқсанның қортындысында Үсен отличниктер тобында болып,



I.

Әлди, әлди, әлпешім,  
Уйықта деймін, ұқпайсын.  
«Мә-мә» берсем қайтесің,  
Қашан сәулем ұйықтайсын?

Жоксын бүгін көз ілген,  
Көп ісімнен бөгедің,  
Жаудыраған көзіңнен...  
Уйықтай қойшы, бөбегім!

Әлди-әлди, әлди-ді,  
Әлди біздің қалғыйды.

II.

Уйықта десем күлесің,  
Айналайын күлкіңнен.  
Ержеткен соң білесің,  
«Тұр-тұрлармын» бір күн мең.

— Кешіктің деп сабақтан,  
Мен тұрамын «тұр-тұрлап»  
— Жок қой әлі таң атқан.  
Деп жүрме сен бұртындап.

Әлди-әлди, ержетші,  
Қызығыңды көрсетші.

III.

Уйықта, бөпем, ұйықтай ғой,  
Уйықтайтын бұл шағыңда.  
Ушан өмір, думан той  
Тұр ғой күтіп алдында.

Уйықтап өткен не табар,  
Бұл өмірге бекер кеп?!  
Уйықта, бөпем, ұйықтап ал,  
Ержеткен соң бол сергек!

Әлди, бөпем, бөпемсің,  
Кім боп шығар екенсің?

IV.

Күлімдейсің, күнімсің,  
Батар дағы күн шығар,  
Уілдейсің — күйімсің,  
Күй де бір кез тыншығар.

Сен де ұйықта бір мезгіл,  
Толқып қана жат, бөпем,  
Аспанымда жүзе біл,  
Айым менің — ақ бөпем.

Әлди-әлди, әлдім, —  
Назды нәзік ән-күйім.

Қасым АМАНЖОЛОВ.

Шөре-шөре, ақ лак,  
Шүлдірлемей келе ғой,  
Ақ мамасын анаңның  
Шөпілдетіп еме ғой.

Сылдыраған сырғадай,  
Дауысың қандай тамаша!  
Тастан тасқа ойнақтап,  
Секіресің балаша.

Сүтке тойып ала ғой.  
«Ақмоншағым» — лағым.  
Шөре-шөре келе ғой,  
Селтендемей құлағын.

Әлдилейін бөпемдей,  
Лак екен демейін.



Тамағыңа тау барып,  
Мәуе теріп берейін.

Өсіп ертең, ешкі боп  
Еңбегімді ақтарсын.  
Ақ түбітің желбіреп,  
Сырдың бойын қаптарсын!

## Әукешім



Әукешімнің қарашы  
Салбыраған әукесін.

Анаң келер алшақтап,  
Емерсін де, тоярсын.  
Сүтпен бойың балбырап,  
Мөңреуінді қоярсын.

Жалпақ танау, жұмық көз,  
Әүкім-әүкім, әукешім,  
Өсер ме екен тезірек,  
Сыйпайыншы әукесін!

Әүкім-әүкім, әукешім,  
Танауына қарашы.  
— Қарнын ашып қалды ма?  
Қашан келер анасы?

Көк шалғынға жаяйың,  
Әукешім-ау, әукешім!

Ә. ОҒАЛБАЕВ,

Қызылорда қаласы.





## ЭЛЕКТРОТРАКТОР

Колхоздын кең байтақ егіс даласында қаздай қалқып бір трактор келеді. Онда жер жарып гүрілдеген дауыста жоқ, трубасынан будақтап шыққан түтін де жоқ. Тек соңында жыландай шұбатылып, ирелеңдеген кабель (сым) сүйретіліп келеді. Бұл жаңадан жасалып шыққан трактордың бір түрі еді. Оны электротрактор деп атайды.

Электротракторды жасау пікірі бірінші рет Өзбекстанда шықты.

Өзбекстанның көптеген колхоздарында өздерінің гидроэлектро станциясы бар. Бірақ, бұдан пайда болған қуат (энергия) көбінесе кеңселерді, мектептерді, клубты, оқу үйлерін және колхозшылардың пәтер үйлерін жарық ету үшін ғана жұмсалып келді. Сондықтан да электр қуатының бірсыпасы пайдаланылмай, запас (қор) болып жыйналып қала беретін еді.


1946 жылы Ташкент қаласынан 35 километр жерде тұратын Орталық Электр станциясының жанынан Электрлендіру бөлімі ашылды. Бұл бөлімнің алдына: ауыл шаруашылығының барлық салаларында да электр қуатын толық пайдалану міндеті қойылды.

Электрлендіру бөлімін инженер В. Т. Данильченко жолда басқарды. В. Т. Данильченко жолдастың басқаруымен Электрлендіру бөлімінің қызметшілер коллективі іске қызу кірісті. Олар кәдімгі тракторлардың бөлшектері мен детальдарын пайдалана отырып, трактордың жаңа түрін жасап шығармақ болды.

Ақырында станцияның экспериментальдық мастерскойы электротрактор жасап шығарды. Бұл трактор универсалдық жыланбауыр «Кировец — 8» тракторының негізінде жасалды. Жаңа трактордың маркасы «ЭТК—8» болды. Мұнда бұрынғы керосинді қозғағыштың орнына электромотор орнатылған. Электромотордың кіндігі трактордың трансмиссиясымен (күш беретін механизм) жалғастырылған. Электр қуаты моторға кабель (сым) арқылы беріледі. Оның ұзындығы 650 метр.

Трактор жұмыс істеген кезде кабель өзінен өзі тарқатылады және бір жағынан катушкаға қайтадан орала береді.

Катушка трактордың жоғарғы жағына орнатылған және ол өз кіндігінен айналып отырады. Ол трактордың маневр жасауына қарай тоқтай да, айнала да алады.



Электротрактор



## «ПОБЕДА» — ЖЕҢІЛ АВТОМАШИНАНЫҢ ЖАҢА ТҮРІ

Ұлы Отан соғысынан кейін еліміздің автомобиль өнеркәсібі жеңіл автомашиналардың бірнеше түрін жасап шығарды. Соның бірі — «Победа» атты жеңіл автомашина. Бұл машинаның жобасын Горькийдің Молотов атындағы автомобиль зауытындағы А. А. Лингарт бастаған конструкторлар коллективі жасаған.

«Победа» — бес кісілік автомобиль. Басқа машиналардан айырмасы оның рамасы болмайды. Машинаның биіктігі «М—1» машинасының биіктігінен 135 мм аласа, көлденеңі «М—1»-нан 75 мм қысқа болады. Бұл жаңа машинаның 50 аттық күші бар. Оған бензин өте аз кетеді. Мысалы, 100 километрлік сапарға орта есеппен 10—12 литр бензин жетеді. Бұл «М—1» машинасына осындай жолға жұмсалатын бензиннен 4—5 литр кем.

«Победаның» жүріс шапшаңдығы сағатына 110 километрге дейін барады. Бұл машинаның қобдишасы өте қолайлы, онда радиоприемник сыяқты аппарат қоюға болады. «Победа» автомашинаның шығарылуы — Отанымыздың автомобиль жасау ісіндегі үлкен табыстың бірі болып саналады.

## «ЗИС — 110» — ЖЕҢІЛ АВТОМОБИЛЬ МАШИНАСЫ

атындағы автомобиль зауытында ең жақсы жеңіл автомобиль — «ЗИС — 110» жасалды. Ол жеті кісілік, сағатына 140 километрге дейін жүре алады. Бұл машинаның қозғағыш моторының күші — 140 аттық күшімен тең. Жаңа машина қазіргі заманның түрлі аспаптарымен жабдықталған, онда радиоприемник, жылыту және желдеткіш бөлшектері, бұрылу бағытын көрсететін жарық көрсеткіші бар.

Автомобильдің жасалу жобасын Сталиндік сыйлықтың лауреаты А. Н. Островцовтың басқаруындағы конструкторлар тобы жасаған.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Москваның Сталин Электротрактор жерді жыртуға, оны тырмалауға, тұрқым себуге қолданыла береді. Сол сыяқты ауыл шаруашылық жұмыстарының барлық саласында да, басқа жұмыстар істеуге жарайды.

Электротрактордың 35 аттың күшіндей күші бар. Ол сағатына орта есеппен 5 километр жер жүреді және 0,8 гектар жерді жырта алады.

Керосинмен жүретін бұрынғы дизелді тракторлармен салыстырғанда, бұл электротрактордың едәуір артықшылығы бар. Әсіресе, отын, жанармай және жағармайларды үнемдеу де электротрактор көп пайдалы. Сонымен қатар, керосинді қозғағышқа қарағанда, электротрактордың жұмысқа төзімділігі анағұрлым артық. Электротрактор көпке шейін бұзылмай, егіс даласында жүре береді. Бұл жұмыс өнімін арттыруға үлкен пайда келтіріп отыр.

# „Менің майдандас достарым“



Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің «Менің майдандас достарым» деген кітабы үлкендердің де, жастардың да қызығып оқытын кітаптарының бірі.

Мәліктің бұл кітабы соғыс жылдарында, майдандарда очерктерден құралған. Күнделік дәптерінің негізінде жазылған.

Автор бұл еңбегінде Панфилов атындағы 8-гвардия дивизиясының жеке жауынгерлері мен офицерлерінің ерлік сыйпаттарын, олардың өзара қарым-қатынастарын суреттейді. Очерктегі аттары аталатын адамдардың бәрі де болған адамдар. Бұл кітапта әңгіме Кеңжетайдың атынан айтылып отырады. Ол майданға барған күнінен бастап өзінің басынан кешкен оқыйғаларын да, майдан жағдайындағы шыйыршық атқан, хатерлі, қыйлы кезендерді де, майданда табысқан жауынгер достарының бастарынан кешкен жеке ұлылы-кішілі уақығаларды айтады. Бұлардың ішінде генерал Панфилов, Бауыржан Момышұлы, Бозжанов, Т. Тоқтаров сыяқты атақты адамдар да бар.

Осымен қатар Отанымыздың асыл жүрегі — Москваға хатерлі күн туған кездегі 8-ағқыштар дивизиясы жауынгерлері мен командирлерінің көрсеткен ерліктері нақтылы бейнелер арқылы берілген.

Сайып келгенде, бұл кітапта Ұлы Отан соғысының майдандарындағы қаһарлы күндер, совет адамдарының жауға қарсы жүргізген жан кешті ерлік күрестері, олардың жауды жеңеміз деген үміті мен сенімдері, дұшпанға деген өшпенділіктері суреттеледі. Майдан тұрмысымен танысу үшін де, совет адамдарының патриоттық сыйпаттарын, олардың теңдесі жоқ ерліктері мен тапқырлықтарын білуде — бұл кітаптың тигізетін пайдасы аз емес.

С. ЕСБОЛСЫНОВ.

## ХАЮАНДАР БІРІН-БІРІ ТҮСІНЕ МЕ?

Әрине, хаюандар бір-бірімен адам сыяқты сөйлесе алмайды. Бірақта, олар өздеріне төнген хауіп-хатерді, өзге хаюан дыбысын, қозғалысын, бір-біріне мейірімділігін түсіне біледі.

Бұған мынадай мысал келтірейік: шыбыйды я әтешті бәріңіз де білесіздер. Олар бір жерден тамақ тапса, дереу балапандарын шақырады. Ал, бір хауіп-хатердің барлығы сезілсе, онда әтештің де, шыбыйдың да дауысы жайдағысынан анағұрлым өзгеріп шығады. Оны сөзбен айтпаса да, тауық біткен түгел түсінеді.

Тұз аңдары да бір-бірінің дыбысын асқан уқыппен тындайды.

Таутекенің қорқыныштан сақтану үшін берген сыбысын естіген тау ешкілердің тобы дереу қашуға айналады. Жаңылшақ қарға, сауысқандар тағы басқа кұстар, түлкі, қасқыр, итті көрсе у-шу болады. Бұлардың дауысын естіп, басқа аңдар да сақтана бастайды.

Бұғы бұл дауысты естіп зәресі ушып, шананың быт-шытын шығарып, қаша жөнелді. Өйткені оның ормандағы әдеті де осындай болушы еді. Бұған қарағанда аңдар бірін-бірі тіпті тез және анық түсінеді. Әсресе, хауіпті жағдайда түсінігіш келеді. Бірақ аңдар бірін-бірі адам сыяқты түсіне алмайды.

М. ЗВЕРЕВ.

## МАЗМУНЫ

бет

Қ. Бекхожин — Комсомол билеті туралы баллада	1
Қазақстан комсомолы өзінің IV съезі қарсаңында	2
Лениннің жастарға өспеті	4
С. Сеитов — Горький және балалар	5
С. Бақбергенов — Азамат (повесть)	7
Б. Сланов — Колхоз председателі	10
Б. Шеркешұлы — Құрыш білек	11
С. Ақпанов — Білім шыңына	12
А. Байтанаев — Кеңес — Ленин комсомолының мүшесі	13
Л. Квитко — Сырласу (өлең)	14
К. Әсенова — Біздің колхоз жаңа бесжылдықта	15
Қ. Борамбаев — Ағаш егіндер (өлең)	18
Л. Колпашникова — Игілікті іс	19
Біздің почта	19
Қ. Аманжолов — Бесік жыры (өлең)	22
Ә. Оңалбаев — «Ақмоншағым» лағым. Әукешім (өлеңдер)	23
Жаңа бесжылдықтың машиналары	23
С. Есболсынов — «Менің майдандас достарым»	24
М. Зверев — Хаюандар бірін-бірі түсіне ме?	24
Білгім келеді	

Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті жасаған Н. И. Лебедев, төртінші бетіндегі суретті жасаған В. Нестерев.

Редколлегия мүшелері: Т. Абдрахманов (жауапты редактор), Н. Ахмедова, Ә. Бектұров, Қ. Борамбаев, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сытдыков, А. М. Черкасский.

Тех. редактор А. К. Доморошин

Редакцияның адресі: г. Алма-Ата, проспект Сталина 73. Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 19/III 1948 г.  
УГ05171 Объем 3 п. л. Тираж 10.000

Гостипография №3. Управления полиграфии и издательств при Совете Министров КазССР г. Алма-Ата Проспект Ленина 2, Зак № 264



Оқушыларымыздың  
сұрауларына  
жауап

## ӘУЕРАЙЫ НЕЛІКТЕН ӨЗГЕРІП ТҰРАДЫ?

Қыс өткен соң көктем келеді, көктемнен кейін жадырап жаз шығады, бұл жұрттың бәріне мәлім.

Ал кейде январь айында күн жылынып, май айында көк шалғынды жар басады.

Мұның бәріде әуерайы бір орында тұрмай, жер бетін шарлап, саяхат жасауынан болады.

Солтүстіктен әуерайы бізге қонаққа келген кезде, май айында қар жауады. Ал, батыстан соққан жел мұхиттан жылылық әкеліп, январь айында күн жылынады.

Қысты күні үйіміз жылы болу үшін біз пеш жағамыз.

Ал, мұхит дегеніміз пеш сияқты. Ол қыс айларында бүкіл бір материкті жылытып тұрады.

Ауа толқыны су үстімен жүріп, одап гольфстрим ағыны ыстық жақтан әкелген жылылық алады.

Сөйтін біздің өлкемізге ауа толқыны жылылық әкеліп, январь айының ішінде қарды ерітеді.

Әуерайы жер бетін қалай кезетіні жайында көптеген мысалдар келтіруге болады. Әуерайы өздігінен ауысып жүрмейді. Оны мыңдаған шаршы километр аумақта тұтасқан ауа таратады.

Ауа солтүстіктегі мұз үстінен өткенде суық, құрғақ, мөлдір болады, сахараны басып өткенде, ол өзімен бірге шаң-тозанды ерте кетеді, теңіз үстімен өткенде, ол дымқылданады.

Жылы ауа мен суық ауа ұшырасқан кезде, екеуінің аралығында үлкен толқын пайда болады. Бұл толқыннан кей кездерде қатты күйін соғады. Жылы және суық ауа бір-бірімен бейне күрескендей болады. Жылы ауа суық ауаның бүйірінен келіп тиіссе, суық ауа «жау» шебін бұзып, оңтүстікке беттейді.

Әуерайы майданында осындай шайқасу үстінде жылы ауа мен суық ауа арадағы күрес күшейген кезде, жауынды-шашынды күндер болады.

Бұдан үш-төрт ай бұрын солтүстіктен келген ауа жылы ауаны жеңген

еді. Енді біраз күнде мұхит жақтан жылы ауа келіп, өзінің ежелгі жауы солтүстік ауасын жеңіп, қайтадан көктем туады.

## ЖЕТІСУ

Сіз кейде бір карт адаммен кездесіп жөн сұрасаңыз: «Біздің ата мекеніміз Жетісу», — дейді де, өз руының атын атайды. Ата мекені Жетісу дегенге қарап білмейтін адам Жетісу бір рудың не бір ауылдың жері екен деп ойлап қалуы мүмкін. «Туған жерім — Семиречье» деген орыс азаматтарың да кезіктіруге болады.


Жетісу яғни Семиречье — дегеніміз бұл бір рудың не бір ауылдың ғана жері емес. Жетісу жерінің алып жатқан көлемі үлкен. Жетісу жері — Жонғар Алатауы мен Балқаш көлінің арасындағы кең байтақ алқап. Ал, оның Жетісу деп аталуының да тарихы бар. Өйткені, осы кең алқапты басып жеті өзен ағады. Сондықтан бұл жерді қазақтар: «Жетісу», орыстар «Семиречье» деп атаған.

1927 жылы Жетісуды В. В. Бартольд деген ғалым тексеріп, Жетісу деп аталатын жерде — Лепсі, Басқан, Аксу, Биен, Қаратал, Көксу,

Қызыл ағаш өзендерінің барлығы және Жетісу жерін осы өзендердің басып өтетінін анықтаған. Бұлардың ішінде Лепсі, Аксу, Биен, Қызыл ағаш, Қаратал өзендері Балқаш көліне тікелей құяды. Ал Басқан Лепсіге, Көксу Қараталға кеп тоғысады. Сөйтін осы жеті өзеннің жетеуі де Балқаш көліне құяды. Булардан басқа Балқаш көліне Іле, Аягөз сияқты үлкен өзендер де құяды. Бірақ бұлар Жетісу бойына жатпайды. Жетісу деп аталатын өзендердің барлығы да Жонғар Алатауынан басталады.

Өзендердің бәрінің де басталып ағатын жерінде суы мол, жері шұрайлы, түрлі өсімдік, жемістерге бай келеді де, жағаларында минаалы ағаштар өседі. Осы өзендерінің көптігіне қарап, барлық Жетісу бойының суы мол, жері шұйгін деп ойлауға болар еді. Бірақ Жетісудың барлық жерінде де су жеткілікті емес. Жетісу жеріндегі Қызыл ағаш, Биен сияқты өзендердің Балқаш көліне таянған жерінде суы құмға сіңіп өте саяздайды да, жінішкеріп кетеді.

Жетісу өзендерін тегістей Түркістан —сібір темір жолы басып өтеді. Жетісу жері қазіргі Талдықорған облысына қарайды.



# Жанды көпір



Жазғасалым жылы күнде,  
Мектептен мен қайттым үйге.



Жолымда бір бұлақ жатты,  
Ол өзен боп тасқындапты.



Еріп бітті бір күнде қар,  
Қандай айла тоқтата алар?



Одан тіпті қорықпаймын,  
Көбін көргем мен мұндайды.



Өте шапшаң көпір салдым  
зікен-ақ жалғыз талдың.



Аржағына мен өзеннің  
Сөйтіп лезде өтіп келдім.

№ 8

Қаз. Көс. Централық Ғылым және мәдениет палата  
9/10 48г.